УК-детектірлеу 210 нм толқын ұзындығында жүргізілді.

Anabasis salsa (С.А.Мey) Benth. ex Volkens қою экстрактының құрамындағы лупининнің (X) сандық мөлшері келесі формуланы (3) пайдаланып есептелді:

$$X = \frac{S_1 * m_0 * 25}{S_0 * m_1 * 25} * 100 \quad (3)$$

мұндағы, S_1 - сынақ ерітіндісінің хроматограммаларынан есептелген лупининнің шың аудандарының орташа мәні;

S_0 - салыстырмалы ерітіндінің хроматограммаларынан есептелеген лупининнің шың аудандарының орташа мәні;

m_0 - лупинин СҮ массасы, г;

m_1 - қою экстрактының массасы, г.

Деректерді есептеу Microsoft Excel 2010 көмегімен жүргізілді.

Лупинин субстанцияларының физика-химиялық зерттеу әдістері

Лупинин субстанцияларының Lup-43, Lup-41 сапа көрсеткіштерін сынау ҚР МФ, Еуропалық фармакопеяда және Еуразиялық экономикалық одақтың Фармакопеясында сипатталған әдістемелерге сәйкес жүргізілді.

Сипаттамасы. Ақшыл түсті кристалдық ұнтақ. ҚР МФ, т. 1, «Субстанция» жалпы фармакопейлық мақаласының талаптарына сәйкес келуі керек. Субстанция түсі, иісі, сыртқы түрі ҚР МФ сәйкес анықталды п. 2.3.4 [68, 118 б.].

Ерігіштігі. 1 г субстанциялық заттың ерігіштігі 10-30 мл тазартылған су мөлшерінде және 1-10 мл этил спиртінде еруі қажет. Ерігіштік полярлы және полярлы емес еріткіштерде анықталды. ҚР МФ, т. 1, 1.4 [68, 26 б.].

УК-спектрлер. «Helios-β» (Великобритания) спектрофотометрдің көмегімен ультракүлгін (УК) сәулеленуде өлшенді. Ультракүлгін спектрі субстанцияның 0,05 % этанолды ерітіндісі үшін анықталды, диапазоны 190-400 нм дейін, ҚР МФ, т.1, 2.2.25 [68, 67 б.].

ИҚ-спектрлер. «Термо Nicolet Avatar-360» (АҚШ) ИҚ-спектрофотометрдің көмегімен 500 - 4000 см⁻¹ дейінгі жиілік диапазонында ИҚ-спектроскопия әдісімен сәйкес жүргізілді. ҚР МФ, т. 1, 2.2.24 [68, 64 б.].

Балқу температурасы. Балқу температурасын анықтау «Boetius» (Германия) құрылғысында жүргізілді ҚР МФ, т.1, 2.2.15 [68, 56 б.].

Оптикалық айналу. Поляриметр Rudolph Research Auto Pol VI (алты толқындық, 1.0 мл -ден 0.05 мл ге дейінгі диапазонды қамтитын) көмегімен қоршаған орта температурасында өлшенді және тіркелді. ҚР МФ, 1 т., 2.2.7 сәйкес [68, 49 б.].

Потенциометриялық рН мәні анықтау. рН мәнін өлшеу ҚР МФ, 1 том, п. 2.2.3 сәйкес Basic рН электродты пайдалана отырып, потенциометриялық әдіс арқылы, зерттеу субстанцияның 1% сулы ерітіндісінде жүргізілді [68, 43 б.].

Кептіргендегі массаның жоғалуы. Кептіру кезінде массаның жоғалуын анықтау "ылғалдылықты анықтау" әдісімен ҚР МФ, 1 том, п. 2.2.32 сәйкес жүргізілді [68, 91 б.]. Алдын ала 0.001 г. есептелген және кептірілген бюкске 1.00 г субстанцияны салып, кептіргіш шкафта 40-50⁰С кептіреді. Масса жоғалуы 0.5 % көп болмауы керек. Кептіргендегі масса шығынын есептеуде келесідей формуланы қолданады (X,%):

$$X = \frac{m_0 - m_1}{m_0} * 100 \% \quad (4)$$

мұнда m_0 – кептіргенге дейінгі масса;

m_1 – кептіргеннен кейінгі масса.

Лупинин туындыларын сандық анықтау масс-детекторымен жабдықталған ЖТСХ әдісімен изокритикалық режимінде жүргізілді (ҚР МФ, т. 1, 2.2.29, 79 б.).

Сынақ ерітіндісі. 1,0 мг Lur-43 немесе Lur-41 субстанциясын өлшемді колбаға өлшеп, ерітіп жылжымалы фазамен 25,0 мл көлемге дейін жеткізіп араластырады.

Салыстырмалы ерітінді. 1,0 мг СУ Lur-43/Lur-41 өлшемді колбаға салып, ерітіп жылжымалы фазамен араластырып, 25,0 мл көлеміне жеткізіп араластырады.

20 мкл субстанцияны және 20 мкл СҮ ерітіндісін хроматографиялау, кем дегенде 5 хроматограмма алады.

Бөлме температурасындағы талдау шарттары:

- Zorbax Eclipse Plus C18 бағаны (2,1 x 100 мм), сорбент бөлшектерінің өлшемі 1,8 мкм;

- Жылжымалы фаза: ацетонитрил - су (1:1);

- УК-детектрлеу: 210 нм (Lup-43 үшін), 214 нм (Lup-41 үшін);

- Жылжымалы фаза ағынының жылдамдығы: 1,0 мл/мин.

Субстанциядағы Lup-43/Lup-41 (X) мөлшері пайызбен (5) келесі формула бойынша есептеледі:

$$X = \frac{m_R * S_T * P}{m_T * S_R} * 100\% \quad (5)$$

мұндағы: S_T - сынақ ерітіндісінің (субстанцияның) хроматограммасындағы Lup-43/Lup-43 шың ауданы;

S_R - СҮ ерітіндісінің хроматограммасындағы Lup-43/Lup-41 шың ауданы;

m_R - СҮ ерітіндісіндегі Lup-43/Lup-41 үлгісінің массасы, миллиграммен;

m_T - сынақ субстанциясындағы Lup-43/Lup-41 субстанцияның массасы, миллиграммен;

P - субстанциядағы Lup-43/Lup-41 в субстанциясының құрамы, %.

ЯМР-спектрлер. Эксперименттер Bruker AV-400 спектрометрдің көмегімен 400 және 101 МГц (^1H), Bruker Avance DRX-500 спектрометрмен 500 және 125 МГц (^{13}C) жиіліктерінде алынды. Химиялық ауытқулар ppm (δ) келтірілген, баланс константтары (J) Герцте берілген. Көбейткіштер синглет (s), дублет (d), триплет (t), квартет (q), мультиплет (m) ретінде берілді. ЯМР спектралды талдауда хлороформ (CDCl_3) және метанол (CD_3OD) дейтериленген еріткіштер қолданылды.

Масс-спектроскопия. Лупинин туындыларының молекулалық салмағы мен элементтік құрамын анықтау үшін иондаушы кернеуі 70 эВ (буландырғыш температурасы 220-250 °C) DFS ThermoScientific жоғары ажыратымдылықтағы масс-спектрометрі қолданылды.

Экстракт пен синтезделіп алынған қосылыстардың биологиялық белсенділігін анықтау және токсикологиялық зерттеу әдістері

Anabasis salsa (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens экстрактының, лупинин және оның туындыларының микробқа қарсы белсенділігі «Қарағанды медицина университеті» биомедицина кафедрасының микробиологиялық зертханасында ұсынылған әдіске сәйкес және «Люблин медицина университеті» (Люблин қаласы, Польша) микробиология зертханасында ҚР МФ, 1 т., 2.6.12, 2.6.13 [68, 172 б., 80-85] әдістеріне сәйкес сынақтар жүргізілді.

Үлгілердің микробқа қарсы белсенділігі дискілі-диффузиялық әдіспен зерттелді. Зерттеу *Staphylococcus aureus* ATCC 6538, *Bacillus subtilis* ATCC 6633, сияқты грам-оң бактериялар, *Escherichia coli* ATCC 25922, *Pseudomonas aeruginosa* ATCC 27853 сияқты грам-теріс бактериялар және *Candida albicans*

АТСС 10231 ашытқы саңырауқұлақ штамдарына қатысты жүргізілді. Салыстыру үшін бактерияларға қарсы бензилпенициллин дискілері, ал *Candida albicans* ашытқы саңырауқұлағына қарсы нистатин қолданылды. Зерттеу әдісі ЖФМ 1.2.4.0010.15 «Антибиотиктердің микробқа қарсы белсенділігін агар диффузиялық әдіспен анықтау» нұсқаулығына сәйкес жүргізілді [68, 172 б., 86].

Дақылдар рН мәні $7,3 \pm 0,2$ болатын сұйық ортада 30-дан 35°C-қа дейінгі температурада 18-20 сағат бойы өсірілді. Дақылдар стерильді 0,9% изотоникалық натрий хлориді ерітіндісінде 1:1000 қатынасында сұйылтылды, оның 1 мл-і зерттелетін сынақ штамдарына сәйкес келетін таңдаулы қоректік ортасы бар ыдыстарға қосылды және «үздіксіз көгал» әдісімен себілді: сәйкесінше Чистович ортасы (сары-тұзды агар), қоректік агар, Эндо ортасы, Сабуро ортасы және №9 ГРМ қоректік ортасы. Кептіруден кейін агар бетінде 6,0 мм шұңқырлар пайда болды, оларға сынақ үлгілерінің ерітінділері, бензилпенициллин бар дискілер және нистатин қосылды. Бақылау ретінде тең көлемде этанол қызмет етті.

Сұйылтылуы және мөлшері: Экстракттардың сынақ үлгілері 1 мкг дозада концентрацияланған ерітінділер түрінде болды [87]. Салыстырмалы препараттардың концентрациясы 1000 мкг болды. Сұйылтылуы сулы ерітіндіні қолдану арқылы жүргізілді. Сұйылтылуы 1:1000 қатынасында жүргізілді.

Үлгілердің микробқа қарсы белсенділігі сынақ штамдарының тежелген өсу аймақтарының диаметріне (мм) негізделіп бағаланды. Аймақ диаметрлерінің 10 мм-ден аз болуы және ыдыстағы үздіксіз өсу микробқа қарсы белсенділіктің жоқтығын көрсетеді деп есептелді; 10-15 мм әлсіз белсенділікті; 15-20 мм орташа белсенділікті; ал 20 мм-ден жоғары айқын белсенділікті көрсетті [88]. Әрбір үлгі үш рет паралелді түрде тексеріледі. Статистикалық өңдеу арифметикалық орташа мән мен стандартты қатені есептеу арқылы параметрлік статистика әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Үлгілерді *микросұйылту әдісімен микробқа қарсы* белсенділікті зерттеу

Anabasis salsa (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens экстрактылары және лупинин алкалоидын антибактериалды және зенге қарсы белсенділікке *in vitro* жағдайында Еуропалық микробқа қарсы сезімталдықты тексеру комитетінде (EUCAST) және Клиникалық және зертханалық стандарттар институтының (CLSI) нұсқауларында сипатталған сорпаның микросұйылту әдісін қолдана отырып Люблин медицина университетінің микробиология кафедрасында сыналды.

Сынақ экстрактыларының және лупининнің ең төменгі тежегіш концентрациясы (MIC) Американдық типтік культуралар жинағынан (АТСС) алынған анықтамалық микроорганизмдерге қатысты бағаланды, оның ішінде 5 грам-теріс бактерия штаммы (*Escherichia coli* АТСС 25922, *Klebsiella pneumoniae* АТСС 13883, *Pseudomonas aeruginosa* АТСС 27853, *Proteus mirabilis* АТСС 12453 және *Salmonella typhimurium* АТСС 14028), 6 грам-оң бактерия штамдары (*Bacillus cereus* АТСС 10826, *Enterococcus faecalis* АТСС 29212, *Micrococcus luteus* АТСС 10240, *Staphylococcus aureus* АТСС 1707, *Staphylococcus aureus* АТСС 25923, *Staphylococcus epidermidis* АТСС 12228)

және 3 саңырауқұлақ штаммы (*Candida albicans* ATCC 10231, *Candida glabrata* ATCC 90030 және *Candida parapsilosis* ATCC 22019).

Экстракттардың MIC микросұйылту арқылы Мюллер-Хинтон сорпасында (бактериялар үшін) және стерильді 96 ұңғылы полистирол микротитрлеуші пластиналарында дайындалған MOPS (Roswell Park Memorial Institute 1640 сорпасы, буферленген 3-(N-морфолино)пропансульфон қышқылымен (саңырауқұлақтар үшін) қосылған RPMI 1640 сорпасында екі есе сұйылтуды пайдаланып тексерілді. Стерильді 96 ұңғылы полистирол микротитрлеуші пластиналары (Nunc, Roskilde, Дания) сорпа ортасындағы сынақ экстракттарының тиісті сұйылтылуының 100 мкл-ін әрбір ұңғымаға сериялық екі есе сұйылтулар арқылы құю арқылы дайындалды, бұл сынақ экстракттарының соңғы концентрациясын 0,0195-тен 10 мг/мл-ге дейінгі диапазонда алу үшін жасалды. Инокулят Макфарланд бойынша 0,5 лайылық стандартына сәйкес келетін стерильді 0,85% тұзды NaCl ерітіндісіндегі жаңа микробтық дақылдардан дайындалды және бактериялар үшін 5×10^5 КОЕ/мл және ашытқы үшін 5×10^4 КОЕ/мл соңғы тығыздық алу үшін ұңғымаларға қосылды (КОЕ-колония түзуші бірліктер).

Ең төменгі бактерицидтік концентрация (МВС) өсуді тежеуді көрсететін әрбір ұңғымадан 5 мкл субкультуралау, соңғы оң ұңғыма және ұсынылған агар тақталарындағы өсуді бақылау арқылы алынды. Пластиналар барлық микроорганизмдер үшін 35°C температурада 24 сағат бойы инкубацияланды. МВС микробтық өсуі жоқ экстракттардың ең төменгі концентрациясы ретінде анықталды. Сынақ үлгілерінің бактерицидтік немесе бактериостатикалық әсерін анықтау үшін МВС/MIC қатынастары есептелді. Тәжірибе үш рет қайталанды.

Лупинин туындыларының токсикологиялық зерттеу әдістері

Эксперимент Локалдық Этикалық Комиссия мүшелерінің мақұлдауымен (№9 хаттама отырысынан үзінді 19.06.2024) Қарағанды медицина университетінің фармакология кафедралары қызметкерлерімен бірлесе отырып, зертханаларындағы виварий жануарларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізілді. Қосылыстардың жедел уыттылық әсерлерін зерттеу «Жаңа фармакологиялық заттардың клиникаға дейінгі зерттеулер» атты А.Н. Мироновтың және Р.У. Хабриеваның [89, 90] нұсқаулығындағы әдістеме бойынша жүргізілді.

Лупинин және оның туындысының ацетилхолинэстеразаны (AChE) тежеу белсенділігін анықтау

Элманның стандартты әдісін [91, 92] қолдана отырып, *in vitro* жағдайында зерттелді. Тәжірибе Қарағанды медициналық университетінің микробиология кафедрасының оқу микробиология зертханасында жүргізілді.

Препараттар мен реагенттер: Ацетилхолинэстераза (Sigma-Aldrich, США), концентрациясы 3,2 ЕД/л; галантамин (Tocris Bioscience, США), стандартты ингибитор ретінде; ацетилхолинэстераза ингибиторларын скринингтеу жинағы (Sigma-Aldrich, США); 5,5'-дитиобис-2-нитробензой

қышқылы (DTNB) (Элман реактиві) (Sigma-Aldrich, США); ацетилхолин хлориді (Sigma-Aldrich, США); калий-фосфатты буфер ерітіндісі (pH 7,4).

Ерітінді дайындау: Лупинин және оның 1,2,3-үшазол туындысы (Lup-43) (әрқайсысы 5 мг) 25 мл көлемдік колбадағы мұздық сірке қышқылы мен судың 1:15 қоспасында ерітілді. Ерітінді тазартылған сумен белгіге дейін жеткізілді. Концентрациясы 1 мг/мл болатын жұмыс ерітіндісін алу үшін негізгі ерітіндінің аликвотасы (5 мл) 100 мл көлемдік колбаға ауыстырылып, белгіге дейін тазартылған сумен толтырылды. Әрі қарай, жұмыс ерітіндісінің екі есе сұйылтылуы 0,5 мг/мл, 0,25 мг/мл, 0,125 мг/мл, 0,0625 мг/мл және 0,03125 мг/мл соңғы концентрацияларымен дайындалды. Бақылау ерітіндісі ретінде пайдалану үшін 0,5 мг/мл концентрациясы бар бақылау ерітіндісі (галантамин) дәл осылай дайындалды.

Зерттеу жұмысы: 1. Дайындалған ацетилхолинэстераза қоспасын (20 мкл) (3,2 U/л) микропланшетке құйылады.

2. Әрбір ұңғымаға 25 мкл сынақ алкалоидын (екі есе сұйылтулар) немесе галантаминді, сондай-ақ 25 мкл калий фосфаты буфер ерітіндісін (pH 7,4) қосып, көлемін 300 мкл-ге жеткізілді.

3. Қоспаны 37°C температурада 15-20 минут инкубациялайды.

4. 25 мкл ацетилхолин хлоридін (0,02 M) және 25 мкл 5,5'-дитиобис-2-нитробензой қышқылын (DTNB) (0,02 M) қосу арқылы реакцияны бастаңыз.

5. Қоспаның оптикалық тығыздығы 5 минуттан кейін 412 нм толқын ұзындығында PD-303 сандық спектрофотометрін пайдаланып жазылды.

Зерттеу нәтижелері:

Ацетилхолинэстеразаның тежеу белсенділігінің ингибирлеу пайызы келесі формула (6) бойынша есептелді:

$$AChE (\%) = (A_{\text{бақылау}} - A_{\text{сынақ}} / A_{\text{бақылау}}) \times 100\% \quad (6)$$

мұндағы: $A_{\text{бақылау}}$ - сынақ қосылысы бар ұяшықтағы оптикалық тығыздық; $A_{\text{сынақ}}$ - бақылау ұяшығындағы оптикалық тығыздық (құрамында галантамин бар).

Келесі параметрлер есептелді:

IC_{50} - ацетилхолинэстераза белсенділігінің 50% тежелуін тудыратын концентрация. IC_{50} пробитталдауы арқылы есептелді. Барлық сынақтар үш рет орындалды (n=3).

Статистикалық талдау: Нәтижелер орташа мән \pm орташа мәннің стандартты қателігі (M \pm SEM) ретінде көрсетіледі.

Лупинин туындысының Lup-41 вирусқа қарсы белсенділігін зерттеу

Вирусқа қарсы белсенділікті анықтау үшін әртүрлі антигендік формулалары бар H3N2 және H1N1 тұмау вирусының штамдары пайдаланылды. Сынақ Lup-41 қосылысының вирусқа қарсы белсенділігі химиялық терапиялық индексті (ХТИ) анықтау үшін 0,0016%-дан 0,2%-ға дейінгі концентрацияларда зерттелді, бұл тауық эмбрионына 0,003-0,4 мг (0,06-8 мг/кг) дозаларына сәйкес келеді [93].

Нәтижелерді статистикалық өңдеу ҚР МФ талаптарына сәйкес жүргізілді. Салыстырылған үлгілердегі айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығы Стьюденттің t-тестін қолдану арқылы бағаланды; айырмашылықтар $p \leq 0,05$ кезінде статистикалық тұрғыдан маңызды деп саналды. Дерекқорды жинақтау, аналитикалық өңдеу, есептеу операциялары және зерттеу нәтижелерін графикалық түрде көрсету Microsoft Excel 2010 электрондық кестелерін пайдаланатын компьютерде орындалды.

3 ANABASIS SALSA (С.А. MEY.) BENTH. EX VOLKENS ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ФАРМАКОГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ

3.1 Сортаң бұйырғын (*Anabasis salsa* (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens) шикізат қорын анықтау


Сортаң бұйырғын (*Anabasis salsa* (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens *Anabasis L. Chenopodiaceae* Vent. тұқымдасына жататын полиморфты өсімдік. Бұл тұқымдас жер шарында, шөл және шөлейт аймақтарда кең таралған. Барлығы 100-ге жуық тұқымдас және 1400-ге жуық түрі бар. *Anabasis salsa* (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens Орталық Азияда кең тараған, осы тұқымдастың кең таралған және перспективті түріне жатады. *Anabasis L.* тұқымдасы биологиялық белсенді екіншілік қосылыстардың бай көзі болып табылатыны белгілі, мысалы, дитерпендер, алкалоидтар, тритерпендер, сапониндер, фенол қышқылдары және флавоноидтар. Бұл әртүрлі фитохимиялық қосылыстар *Anabasis L.* түрлерінің фармакологиялық белсенділіктің кең спектріне ие екені көрсетеді [93]. Осы *Anabasis L.* тұқымдасының ішінде *Anabasis salsa* (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдігі өзінің фармакологиялық белсенділігімен ғалымдармен қызықтырып жан жақты зертеуде.

Anabasis salsa (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens Батыс, Орталық және Шығыс Қазақстанды, Еуропалық және Оңтүстік-Шығыс Ресейді, Солтүстік Иранды қоса алғанда құрайды. Бұл өсімдік Қазақстанда Каспий мен Арал теңіздерінің аралығында, үстіртте, Маңғышлақ түбегінде, Бетпақдалада, Мырзашөлдің сазды шөлдерінде кездеседі [94]. Батыс Қазақстан аумағындағы *Anabasis salsa* (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens популяциясына [95, 96] авторлар геоботаникалық сипаттамалар берген. Ол сортаң және сұрқоңыр топырақты жерлерде, сондай - ақ тақыр жерлерде өседі, онда ол доминант рөлін атқарады. Оның жалпы проективтік жамылғысы 20-дан 50%-ға дейін.

«Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы №1034 қаулысына сәйкес сортаң бұйырғын түрі сирекке жатпайды, сондай-ақ жойылып кету қаупі жоқ. Зерттеу әдістеріне: Ресурстық зерттеу, оның ішінде, шикізаттың таралуы, өсіп-көбею алаңы және өнімділікті тиімді бағалау және де Қазақстан аймағындағы пайдалану қорларын ескеріп, *Anabasis salsa* шикізатын жинаудың ықтимал көлемін анықтау ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. №103 бұйрығында көрсетілген 2023 жылғы 30 наурыздағы «Өсімдік ресурстарының қорларына ресурстық зерттеу жүргізу әдістемесін бекіту және оларды пайдалану лимиттерін айқындау туралы» сәйкес жүзеге асырылды.

Anabasis salsa (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens шөбінің шикізат қорын және оның ықтималды жинау көлемін анықтау үшін өсу орны, ауданы және оның өнімділігі анықталды. Батыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда сортаң

бұйырғын шөбінің өндіріске жарамды қоры анықталды. Әдетте сазды, сортаң немесе тасты, сазды аймақтармен байланысты (5-сурет).



Сурет 5 - Қазақстандағы *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің таралу аймағы

5-суретте көрсетілген деректерден көрініп тұрғандай, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens негізінен еліміздің келесі аймақтарында таралған: Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Ұлытау және Қарағанды облыстарында. Сонымен қатар, Ақтөбе, Павлодар, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында да кездеседі [97, 98].

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің ықтимал жинау көлемі шикізаттың пайдалану қорларын және толық қалпына келтіру кезеңінің ұзақтығын (1 жыл) ескере отырып есептелді. Өсімдіктің ауданы оның контурын геометриялық фигураға (квадратқа) теңестіру арқылы анықталды және сол фигураның ауданын есептеу үшін қажетті параметрлерді (ұзындығын, ені) өлшенді. Өнімділікті есепке алу есеп алаңдары әдісімен жүргізілді. Өсімдіктің жерүсті бөлігінің өнімділігі 80-395 кг/га құрады, жалпы пайдалануға жарамды қоры 3099,87 тонна, жылдық шикізат жинау көлемі - 1852,89 тоннаны құрады (3-кесте).

Кесте 3 - Қазақстандағы *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің өнімділігі мен шикізат қоры

Өсу орны	Ауданы, га	Өнімділігі, кг/га	Пайдалану қоры, т	Шикізаттың көлемі, га жыл сайынғы жинау, т
1	2	3	4	5
Желтау таулары, Сары-Бұлақ маңы (Атырау облысы)	126,0	395 ± 32	49,77	24,89
Солтүстік Ақтау жотасы (Маңғыстау облысы)	1080,0	210 ± 18	2258,2	1354,3
Жамбыл қыстағы, Ақтаудан 63 км. Оңтүстік Ақтауға жетпей (Маңғыстау облысы)	3240,0	240 ± 31	777,6	466,6

3 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Таушық ауылының маңы (Маңғыстау облысы)	11,1	80 ± 12	8,9	4,5
Балқаш облысы, Бектауата тауларының маңы (Қарағанды облысы)	25,4	212 ± 25	5,4	2,6
Барлығы	4482,5		3099,87	1852,89

Осылайша, ресурстарға сүйене отырып, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбі Қазақстан аумағында таралған, көбінесе Маңғыстау, Ақтау және Қарағанды облыстарында кездеседі, кейбір жерлерде шикізат жинауға жарамды кең популяцияларды құрайды (Қосымша А).

Anabasis salsa (С. А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбі жинау технологиясы

Тиісті өсіру және жинау қағидалары GACP (good agricultural and collection practice) принциптерін және де «Өсімдік тектес бастапқы шикізатты өсірудің, жинаудың, өңдеудің және сақтаудың тиісті практикасы қағидаларын бекіту туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 15 шешімін басшылыққа ала отырып, Орталық Қазақстанда, Ақжал ауылының маңында (Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Шет ауданы) (47°72'040" с.е. 74°06'698" ш.б.) жүргізілді.

Дәрілік өсімдікті дайындау өсімдіктің вегетация кезеңі аяқталғаннан кейін, құрғақ ауа райында, таңғы уақытта жерүсті бөлігін теру арқылы тамыз-қыркүйек айларында жүргізілді. Зерттеу өсімдігінің түр сәйкестігін академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, ботаника кафедрасының қызметкерлері растады және осы түрдің үлгілері осы оқу орнындағы биология-география факультетінің гербарий қорында сақтаулы (б, 7-сурет) (Қосымша Б).




Сурет 6 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің сыртқы түрі. Автордың суреті



Сурет 7 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің гербарий

Anabasis salsa (C. A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатын дайындау және кептірудің технологиялық сызбасы 8-суретте келтірілген.



Сурет 8 - *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатын дайындау және кептірудің технологиялық сызбасы

Осылайша, *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens шөбін жинау технологиясы жасалды орау және таңбалау үшін қажетті стандарттар белгіленді. Шикізатты жинау 5 сатыдан тұрады. Дайын өнімді бақылау НҚ сәйкес жүзеге асырылды.

3.2 Орталық Қазақстан аймағында өсетін *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдігінің морфологиялық және анатомиялық құрылысын зерттеу

Anabasis salsa (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens шөбінің морфологиялық диагностикалық сипаттамалары:

Anabasis salsa (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens шөбінің жер үсті және жер асты бөліктерінің морфологиялық сипаттамаларын зерттеуі, оның биіктігі 5-25 см болатын бұта тәрізді өсімдік екенін, түбінде ағаш тәрізді, жоғары тармақталған бұтақтары бар екенін, түбінде диаметрі 1-2 мм болатын көптеген ашық жасыл,

сұр-ақшыл-жасыл немесе күрт ақшыл, цилиндрлік, ақшыл, жылтыр, біржылдық өскіндер беретінін, көбінесе 5-12 түйін аралықтарынан тұратынын, кейде созылған (40 мм-ге дейін), кейде қатты қысқарғанын (2-3 мм-ге дейін) анықталды. Беті ұсақ қабырғалы, кедір-бұдырлы, трихомалары жоқ және қоңыр-жасыл түсті (9 А, Б-сурет).

Жапырақтары дамымаған, бүршіктері кең, қабыршақ тәрізді, жұмыртқа тәрізді үшбұрышты және доғал. Гүлдері жеке орналасқан, қысқа, кең жұмыртқа тәрізді, шөпті, доғал және шөпті брактеолдармен қоршалған, тікенекті гүлшоғырларға жиналған (9В-сурет). Гүлшоғырлары қабықшалы, доғал және жеміс берген кезде өзгереді, бірақ қабықшалы болады; үшеуі дөңгелек-сопақша, екеуі сопақша-сопақша. Жемісі кең жұмыртқа тәрізді, шырынды, қызыл, қан-қызыл шырыны бар және әрқашан перианттан сәл үлкенірек.

Тамырлары қалыңдаған, беті терең әжімделген, кедір-бұдыр сұр қабығы бар, сынған кезде ақ-сары (9Г-сурет).



а) шикізаттың жалпы бейнесі; б) өскіндер; в) гүл шоғырының бөліктері;
г) тамырлар

Сурет 9 - *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті және жер асты бөліктерінің морфологиялық құрылымы

Зерттеуде *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің морфологиялық және анатомиялық сипаттамалары талданды. Морфологиялық тұрғыдан бұл өсімдік жіңішке тамырлары мен сабақтары, қысқарған жапырақтары дамымаған бұта тәрізді өсімдік. Жемістері кеңінен жұмыртқа тәрізді. Гүлдері жалғыз, гүлшоғырларда жиналған.


Осылайша, шикізатты макроскопиялық деңгейде анықтау үшін келесі диагностикалық белгілер ұсынылады: өркеннің құрылымы, қалыңдығы, бетінің құрылымы және түсі; маска тәрізді гүлшоғырдағы гүлдердің орналасуы, сабақтың құрылымы, түсі; тамыр бетінің пішіні, қабығының құрылымы және сыну кезіндегі түсі [99].

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens вегетативті мүшелерінің (өркені, гүлшоғыры, тамыры) анатомиялық-диагностикалық ерекшеліктерін зерттеу

Микроскопиялық талдау

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігіне микроскопиялық талдау академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, биология-география факультетінің ботаника кафедрасында зерттелді және анықталды.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens сабағының (жас өркен) микроскоптағы анатомиялық құрылысы ($\times 10$ үлкейт.) 10-суретте көрсетілген.



1 - эпидерма - гиподерма; 2 - палисадты жасушалар (бағаналы); 3 - кранц жасушалар; 4 - флоэма; 5 - ксилема; 6 - су жинақтаушы ұлпа жасушалары; 7 - друзалар

Сурет 10 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens сабағының анатомиялық құрылысы

Сабағының (жас өркен) анатомиялық құрылысы күрделі болып келеді, себебі жапырақтары редукцияға ұшырағандықтан ассимиляциялық (фотосинтез) қызметті жас өркендері, жасыл сабақтары атқарады. Эпидерма - гиподерма - жабын ұлпасы, созылық пішінді, тығыз орналасқан жасушалардан 2-3 қатар құрайды. Келесі палисадты жасушалар (бағаналы)

орналасқан, бұлар өте тығыз орналасқан бағана тәріздес келетін жасушалар. Кранц жасушалар, бұл жасушалар әдетте С4 фотосинтезі бар өсімдіктерде болады, осы белгі негізгілердің бірі болып табылады. Друзалар - әдетте тұзды орталарда өсетін өсімдік терге тән болып келеді, бұның негізінде біз бұл өсімдік топырақ құрамындағы тұздарды өз бойына жинақтап алады десек болады. Су жинақтаушы ұлпа жасушалары - аридты, құрғақ өңірлер де өсетін өсімдіктерге тән. Өткізгіш шоқ әдеттегідей флоэма және ксилемадан тұрады (сурет 10).

Осылайша, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктеріне талдау жасалды. Біріншіден, морфологиялық тұрғыда бұл өсімдік жартылай бұта, тамыр жүйесі және сабақтары жақсы дамыған, жапырақтары редуцияға ұшыраған. Жемістері үш қанатты болып келеді. Екіншіден, анатомиялық ерекшеліктері оның жас өркендері фотосинтез процессінде негізгі қызмет атқаруын да, кранц жасушаларының болуы фотосинтездің С4 формасын да жүретінін көрсетеді және друзалардың өсімдік бойында көп болуы тұздарды жинақтаушы өсімдік болып табылатындығын анық түсіндіреді.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігін гистохимиялық зерттеу

Гистохимиялық зерттеу ҚР МФ т.1, «Дәрілік өсімдік шикізатын сынау әдістері», «Өсімдік шикізатын микроскопиялы және микрохимиялық зерттеу техникасы» талаптарына сәйкес өркеннің, гүлшенің және тамырдың көлденен қиындысына арнайы жүргізілді. Гистохимиялық зерттеу сараптамасын жүргізуде, 4-кестеде көрсетілген реактивтер қолданылды.

Кесте 4 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті және жер асты бөліктерінің гистохимиялық сараптама нәтижесі

№	Реактивтер	Қосылыстар	Бояу түсі	Сабағы	Гүлшелері	Тамыры
1	1-% FeCl ₃ этанолды ертіндісі	Флавоноидтар	Қара-көк-жасыл	+	+	+
2	Драгендорф реактиві	Алкалоидтар	Қоңыр, қызғылт	+	+	+
3	2 % метилен көгі ертіндісі	Эфир майы	Көк	-	-	-
4	H ₂ SO ₄ конц. ванилин ертіндісі	Сесквитерпен ді лактондар	-	-	-	-
5	10% тимол ертіндісі	Полисахаридтер	Қызғылт сары-қызыл	+	+	+
6	10% этанолды ертіндісі K ₂ Cr ₂ O ₇	Фенолды қосылыстар	Қоңыр, сары	+	+	+
Ескертпе: «-» теріс реакция; «+» оң реакция						

Гистохимиялық зерттеулер *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің белгілі бір тіндерінің тән бояуын анықтады, бұл реагенттердің

анықталған компоненттермен әрекеттесуінің нәтижесі. Флавоноидтардың, фенолдық қосылыстардың, алкалоидтардың және полисахаридтердің жиналуына сапалық реакциялармен анықталды, бірақ эфир майлары және сесквитерпенді лактондары анықталмады.


Төменде *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік құрамындағы метаболиттер топтарын анықтау нәтижелері келтірілген.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік құрамындағы флавоноидтарды анықтау


Темір хлориді (III) ерітіндісін қолдану нәтижесінде өскіннің қабығы мен тамыр аймағындағы жасушалардың қарқынды боялуын анықтады, ал эпидермис жасушалары мен су сақтайтын паренхимада онша қарқынды емес бояу байқалды. Калий бихроматының боялуы эпидермисте, қабық паренхимасы жасушаларында, өскін мен тамыр ксилемасында және гүлшенің эпидермисінде фенолдық қосылыстардың болуын растады. Зерттелген үлгілердің микропрепаратын $FeCl_3$ 1%-этанол ерітіндісімен өндегеннен кейін, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбінің барлық зерттелген мүшелерінде қарқынды қара-жасыл түс байқалды (11-сурет).



Тамырдың көлденең қиындысы



Сабақтың көлденең қиындысы




Гүлшенің көлденең қиындысы


Сурет 11 - $FeCl_3$ 1% -этанол ерітіндісімен гистохимиялық реакциялардың нәтижесі ($\times 10$ үлкейту)

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік құрамындағы алкалоидтарды анықтау

Алкалоидтардың болуы зерттелген *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдіктің мүшелерінде қоңыр және қызғылт дақтар түріндегі біркелкі емес бояумен расталды, бұл барлық жасушаларда алкалоидты топтардың бар екенін көрсетеді. Алкалоидтардың жиналу орындары: сабақтың көлденең қиындысында - тамыр шоғырының кортикальды паренхимасы; тамырдың көлденең қиындысында және беткі қималарда - алкалоидтар жиналатын кортикальды паренхима және ксилема элементтері, атап айтқанда паренхиматозды жасушаларда; гүлшеде - гүлшенің басты бөлігінің эпидермисінде (12-сурет).



Тамырдың көлденең қиындысы



Сабақтың көлденең қиындысы




Гүлшенің көлденең қиындысы


Сурет 12 - Драгендорф реактивімен гистохимиялық реакциялардың нәтижесі ($\times 10$ үлкейту)

Anabasis salsa (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдік құрамындағы фенол қышқылдарды анықтау


Фенол қышқылдарын анықтау үшін сынақ 10% калий бихроматы ерітіндісіне салынып, 7 күнге қалдырылды. Фенол қышқылдарының болуы барлық тексерілген *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдіктің мүшелерінде қарқынды сары-қоңыр түспен расталды, бұл барлық жасушаларда фенолдық қосылыстардың бар екенін көрсетеді (13-сурет). Фенолды қосылыстар эпидермисте, қыртыс паренхимасы жасушаларында, өскіндер мен тамырлардың ксилемасында және гүлше эпидермис жасушаларында байқалды.



Тамырдың көлденең қиындысы



Сабақтың көлденең қиындысы



Гүлшенің көлденең қиындысы

Сурет 13 - Калий бихроматының 10% этанол ерітіндісімен гистохимиялық реакциялардың нәтижесі ($\times 10$ үлкейту)

Anabasis salsa (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдік құрамындағы полисахаридтерді анықтау

Зерттелген *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдіктің мүшелерінде полисахарид іздерінің болуы сарғыш-қызыл дақтар түріндегі біркелкі емес бояумен расталды, бұл гүлше жасушаларында полисахарид топтарының бар екенін көрсетеді. Полисахаридтің локализациясы тамыр мен

өркеннің ксилемасында, сондай-ақ гүлшелердің эпидермисінде байқалды (14-сурет).



Сурет 14 - 10% тимол ерітіндісімен және концентрлі H_2SO_4 ерітіндісімен гистохимиялық реакциялардың нәтижесі ($\times 10$ үлкейту)

Осылайша, алғаш рет *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбінің жер үсті және жер асты мүшелерінің ішкі құрылымдары микроскопия мен гистохимиялық тестілеуді қолдану арқылы зерттелді. Сабақтардың, гүлшоғырлардың беткі көлденең қиындысында және тамырлардың көлденең қиынды препараттарында гистохимиялық тестілеу нәтижесінде флавоноидтар мен алкалоидтарды анықталып, олардың локализациясы анықталды.

Алкалоидтардың *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өскіндерінде орналасуы анықталды және тамыр шоғырының қыртыс паренхимасының тіндерінде, гүлшелерде – базальды бөлігінің эпидермисінде; тамырда – қыртыс паренхимасы мен ксилема элементтерінде байқалды. Флавоноидтардың және фенолды қосылыстардың болуы эпидермисте, өскіндер мен тамырлардың қыртыс паренхимасы мен ксилема жасушаларында және гүлшенің эпидермисінің жасушаларында байқалды. Полисахаридтердің орналасуы өсімдіктің тамыры мен өркенінің ксилемасында және гүлшенің эпидермисінде байқалды. Гистохимиялық сынақтар нәтижесінде *Anabasis salsa* (С. А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінде эфир майлары мен сесквитерпен лактондарының болуына тән бояу анықталмады, яғни зерттелген сортаң бұйырғын өсімдік мүшелерінде орналасуы анықталған жоқ [100] (Қосымша В).

3.3 *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатының технологиялық көрсеткіштерін зерттеу

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбінен экстракт алу үшін фармакопоялық және технологиялық сапа параметрлері ҚР МФ І т. талаптарына сай анықталды: яғни; үлестік салмағы, көлемдік салмағы, үйілген массасы, кеуектілігі, бөлектілігі, шикізат қабатының еркін көлемі, экстрактивті

заттар, кептіргендегі масса шығыны, жалпы күл, хлорсутек қышқылында ерімейтін күл, минералды және органикалық қоспалар анықталды.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатының технологиялық параметрлерін және сандық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері 5-7-кестелерде келтірілген. Тәжірибелер бес параллель қайталауда орындалды, нәтижелері статистикалық өңдеу есепке алынды.

Кесте 5 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатының кейбір технологиялық көрсеткіштері

Дәрілік өсімдік шикізаты	Үлестік салмағы, г/см ³	Көлемдік салмағы, г/см ³	Үйілген массасы, г/см ³	Кеуектілігі, г/см ³	Бөлектілігі, г/см ³	Шикізат қабатының еркін көлемі, г/см ³
<i>Anabasis salsa</i> шикізаты	1,0252±0,01	0,1826±0,04	0,3145±0,02	0,4211±0,03	0,2845±0,02	0,6512±0,03

Алынған сандық көрсеткіштер *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбінің ұнтақтау дәрежесіне қарай технологиялық параметрлері: үлестік салмағы, көлемдік салмағы, үйілген масса, кеуектілігі, бөлектілігі, шикізат қабатының еркін көлемі, сонымен қатар экстрактивті заттар мөлшерінің шығымы фармакопоялық талаптар сәйкес оңтайлы экстракт алу технологиясын әзірлеудің негізгі критерийі бірі болып табылады. Алынған эксперименттік көрсеткіштер оңтайлы экстрагентті таңдауға және экстрактивті заттар сомасының мөлшеріне және процестің тиімділігін болжауға мүмкіндік береді.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізаттың (жер үсті бөлігі) ұнтақтау дәрежесінің экстрактивті заттардың шығымына әсерін зерттеу үшін экстрагент ретінде тазартылған су және этил спиртінің әртүрлі концентрациялары: 30%, 50%, 70%, 90% ерітіндісі пайдаланылды. Кептірілген шикізат өлшемдері бойынша ұсақталған, мм: 1,0-3,0, 3,0-5,0 және 5,0-7,0 болды. Белгілі экстрагенттерде зерттелетін шикізаттан биологиялық белсенді заттардың көп мөлшерде бөлініп алынды. Абсолютті құрғақ шикізатқа есептегенде экстрагентті заттардың мөлшері есептелінді (6-кесте).

Кесте 6 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатына экстрагент таңдау нәтижелері

Еріткіштер		Экстрагенттің жұтылу коэффициенті, %	Экстрактивті заттар шығымын анықтау нәтижесі, %
Тазартылған су		6,4521±0,3	20,14
Этил спирті	30%	8,2498±0,8	17,26
	50%	5,9432±0,4	21,17
	70%	11,4118±0,2	28,18
	90%	10,3148±0,3	13,12

6-кестеде келтірілген нәтижеге сүйене отыра *Anabasis salsa* шөбінен экстрактивті заттарды бөлудегі ең тиімді экстрагент ретінде бөлінген экстрактивті заттардың пайыздық үлестерін негіздей келе, 70% этанол ерітінділеріндегі экстрактивті заттардың шығымының мәні жоғары болғандықтан, экстрагент ретінде таңдалынды. Шикізаттың дисперсиясы 1,0-3,0 мм болып табылды.

Кесте 7 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбінің фармакогностикалық зерттеу нәтижелері

№	Сапа көрсеткіштері	Зерттеу нәтижесі, %	НҚ бойынша нормасы
1	Кептіргендегі масса шығыны	4,7±0,02	10 % артық емес
2	Жалпы күл	9,8±0,04	10 % артық емес
3	Хлорсутек қышқылында ерімейтін күл	0,56±0,01	3 % артық емес
4	Минералды қоспалар (топырақ, құм, тас)	0,43±0,02	1 % артық емес
5	Органикалық қоспалар (басқа улы емес өсімдіктердің бөліктері)	0,24±0,02	1 % артық емес

7-кесте бойынша тәжірибелік зерттеу қорытындының толығымен ҚР МФ талаптарына сәйкес, арнайы мақалаларда келтірілген шектік мөлшерден аспағандығы анықталынды [101].

Өсімдік шикізатының минералды құрамын зерттеу

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens жер үсті бөлігіндегі микроэлементтердің құрамын анықтау дәрілік өсімдік шикізатының экологиялық және медициналық қауіпсіздік дәрежесін осы түрдің көрсеткіш бойынша бағалау үшін қажет. Минералдық құрамын талдау 8-кестеде келтірілген.

Кесте 8 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатындағы макро-, микроэлементтік құрамы

Элемент	Мөлшері, мкг/мл
<i>Макроэлементтер</i>	
Калий (K)	352,0788±31.8
Кальций (Ca)	825,642±1.65
Магний (Mg)	305,1964±1.89
Натрий (Na)	740,0027±1.05
<i>Микроэлементтер</i>	
Мыс (Cu)	0,0851±0.05
Темір (Fe)	10,8834±1.08
Мырыш (Zn)	2,0766±0.109
Марганец (Mn)	3,2203±0.81


Өсімдік шикізатының аминқышқылдар құрамын зерттеу

Зерттелген *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатында бағандарды ұстау уақытына негізделген стандартты үлгілерді пайдаланып 20 аминқышқылы анықталды. Оларға 10 алмасатын, 10 алмаспайтын аминқышқылдары және 3 шартты алмаспайтын аминқышқылдар (аргинин, гистидин және тирозин) анықталды. Бос аминқышқылдарының ішінде глутамат, аспартат және аланин көп мөлшерде табылды.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатындағы аминқышқылдарының хроматографиялық талдау нәтижелері 9-кестеде және 15-суретте көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік құрамында 20 аминқышқылдары, оның ішінде алмасатын және алмаспайтын аминқышқылдары анықталды.

Кесте 9 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатындағы аминқышқылдарының құрамы

№	Аминқышқылдары	Брутто- формула	Саны, мг/100г	Құрамы , %
Алмасатын аминқышқылдары				
1	Аланин	$C_3H_7NO_2$	620	0,620
2	Аргинин	$C_6H_{14}N_4O_2$	344	0,344
3	Орнитин	$C_5H_{12}N_2O_2$	2	0,002
4	Пролин	$C_5H_9NO_2$	425	0,425
5	Тирозин	$C_9H_{11}NO_3$	246	0,246
6	Серин	$C_3H_7NO_3$	318	0,318
7	Глутамат	$C_5H_9NO_4$	2105	2,105
8	Цистин	$C_6H_{12}N_2O_4S_2$	20	0,020
9	Глицин	$C_2H_5NO_2$	195	0,195
10	Аспартат	$C_4H_7NO_4$	1056	1,056
Алмаспайтын аминқышқылдары				
11	Лейцин	$C_6H_{13}NO_2$	320	0,320
12	Изолейцин	$C_6H_{13}O_2N$	290	0,290
13	Валин	$C_5H_{11}NO_2$	202	0,202
14	Треонин	$C_4H_9NO_3$	196	0,196
15	Метионин	$C_5H_{11}O_2NS$	58	0,058
16	Оксипролин	$C_5H_9NO_3$	2	0,002
17	Фенилаланин	$C_9H_{11}NO_2$	205	0,205
18	Гистидин	$C_6H_9N_3O_2$	155	0,155
19	Лизин	$C_6H_{14}N_2O_2$	265	0,265
20	Триптофан	$C_{11}H_{12}N_2O_2$	62	0,062



Сурет 15 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens жер үсті бөлігінің аминқышқылдар құрамының хроматограммасы

Негізгі алмаспайтын аминқышқылы - лейцин, ал алмастырылмайтын аминқышқылдарының ішінде глутамат, аланин және аспарат басым. Алмастырылмайтын аминқышқылдарының сандық мөлшері дәрілік өнімдерді әзірлеу үшін шикізаттың биологиялық құндылығын арттырады [102].

Мегаполистердің тұрғындары әдетте ағзаларында ауыр металдар мен радионуклидтердің артық болуынан зардап шегеді: стронций, цезий, қорғасын, мышьяк, кадмий, сынап, хром, никель. Ауыр металдар мен радионуклидтердің денсаулыққа қауіпті екені ешкімге құпия емес. Сондықтан, ҚР МФ келтірілген әдістердің талаптарына сәйкес шикізаттағы радионуклидтер мен ауыр металдардың құрамы бойынша зерттеулер жүргізілді (10-кесте) (Қосымша Г) [103].

Кесте 10 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізаттындағы ауыр металдар көрсеткіштері

Элемент	НҚ бойынша нормасы, мг/кг	Нақты нәтижесі мг/кг
Кадмий (Cd)	1,0	0,0851±0.05
Қорғасын (Pb)	5,0	0,1994±0.07
Мышьяк (As)	1.0	Анықталған жоқ
Сынап (Hg)	0.1	Анықталған жоқ

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізаттындағы радионуклидтерді құрамын зерттеу нәтижесі үшін цезий 137 (Cs-137) 400 Бк/кг, стронций 90 (Sr-90) 200 Бк/кг аспады. Аталған параметрлерді ҚР МФ І т., 2.8 әдістемесі мен «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сантарлы-эпидемиологиялық талаптарына» сай, гигиеналық нормативке сәйкес жүргізілді (Қосымша Д).

Осылайша, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізаттының химиялық құрамы анықталды, яғни, өсімдіктегі минералды құрамы ішінен

кальций, калий, темір, магний, калий элементтері анықталды, ауыр металдар мен радионуклеотидтер радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің санитарлы-эпидемиологиялық талаптарына сай болды, ауытқу жоқ.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың нәтижесі бойынша Қарағанды облысындағы Қазақстан Республикасының аумағында өсетін *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатының фармакогностикалық, технологиялық көрсеткіштері анықталып, экстракциялау үшін экстрагент таңдалды. Алынған деректер технологиялық процесінде *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбінен биологиялық белсенді экстрактыларды бөлуде, сондай-ақ осы өсімдіктің нормативтік құжатын әзірлеуде пайдаланылады.

3.4 *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатындағы белсенді затты сандық анықтау және шикізаттың сапа спецификациясын жасау

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатындағы лупининді сандық анықтау жоғарыда келтірілген 2.2 тараудағы әдіске сәйкес жүргізілді. Сандық анықтау жоғары тиімді сұйық хроматография арқылы (ЖТСХ) әдісімен жүзеге асырылады (ҚР МФ т.1, 2.2.29).

Сынақ ерітіндіні дайындау. 2,0 мг лупинин 25,0 мл көлемдік колбаға салынып, 10 мл жылжымалы фазада ерітіліп, жылжымалы фазамен белгіге дейін сұйылтылып, араластырылып, 0,45 мкм мембраналық сүзгі арқылы сүзіледі.

Хроматографиялық жүйенің жарамдылығын тексеру.

Хроматографиялық жүйе келесі шарттар орындалған жағдайда жарамды деп саналады:


- Түпнұсқа лупинин үлгісінің хроматограммасындағы түпнұсқа лупинин үлгісінің шыңы үшін есептелген аналитикалық бағанның тиімділігі кемінде 4000 теориялық пластинаны құрауы керек;

- Сынақ ерітіндінің хроматограммасындағы лупинин шыңы ауданы үшін есептелген салыстырмалы стандартты ауытқу 2%-дан аспауы керек;

- Лупинин стандартты үлгісінің хроматограммасындағы лупинин стандартты үлгісінің шыңы үшін есептелген шың асимметрия коэффициенті 2-ден аспауы керек.

Құрғақ шикізаттағы лупинин мөлшері кемінде 0,03% болуы керек.

16-суретте *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті бөліктеріндегі лупининнің сандық анықталуының хроматограммасы көрсетілген.



Сурет 16 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті бөліктеріндегі лупининнің сандық құрамын анықтау хроматограммасы ($\lambda=210$ нм, 2.347 мин.)

Валидация сипаттамаларына сәйкес, бұл әдіс *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті бөлігіндегі лупинин мөлшерін анықтауға арналған, ол дұрыс дәлдікпен және қайталанымдылықпен сипатталады, 100% ретінде қабылданған мәннің $\pm 30\%$ аналитикалық диапазонындағы сызықтық тәуелділік, бұл оны *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатындағы лупининнің сандық мөлшерін сенімді бағалау үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатының сапа спецификациясын анықтау «Дәрілік заттарды өндірушінің дәрілік заттарды сараптау кезінде дәрілік заттардың сапасы туралы нормативтік құжатты әзірлеу және мемлекеттік сараптама ұйымының бекіту ережелері» (ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-20 бұйрығы) негізінде жүзеге асырылды. 3 сериялы сынақ партиясын талдау нәтижелері бойынша *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатының сапа сипаттамалары туралы нормативтік құжат (НҚ) әзірленді. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens дәрілік өсімдік шикізатының сапа сипаттамаларына 11-кестеде көрсетілген көрсеткіштер кіреді.

Кесте 11 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатының сапа спецификациясы

Сапа көрсеткіштері	Ауытқу нормалары	Зерттеу тәсілдері
1	2	3
Сипаты	Кептірілген шикізат – жер үсті бөлігі: биіктігі аласа 5-25 см, түбінде ағаш тәрізді жоғары көптеген тармақталған бұтақтары, гүлшелері, жемісі бар біржылдық өсімдік <i>Anabasis salsa</i>	Сыртқы түрі ҚР МФ, т.1, 567-571б. «Шөптер» мақаласы

11 - кестенің жалғасы

1	2	3
	(С.А. Мей.) Benth. ex Volkens (сортаң бұйырғын). Тұқымдасы: Бұйырғын (<i>Anabasis</i> L.) Алабұта тұқымдасы (<i>Chenopodiaceae</i> Vent.).	
<p>Идентификация: А. Макроскопия Жер үсті бөлігі</p> <p>Ұсақталған шикізат</p>	<p>Биіктігі аласа 5-25 см, түбінде ағаш тәрізді жоғары көптеген тармақталған бұтақтары бар, өркендері ақшыл-жасыл, цилиндр тәрізді, түбінен диаметрі 1-2 мм, жалаңаш, бір жылдық бұтақшалар, беті жұқа қырлы, кедір-бұдыр, трихомасы жоқ, түсі қоңыр-жасыл.</p> <p>Жапырақтары дамымаған: жай көзге көрінбейді, нашар дамыған, жіпшелері кең, қабыршақ тәрізді, жұмыртқа тәрізді үшбұрышты, доғал.</p> <p>Гүлдері дара, кең сопақша, шөптесін, доғал, бүйірлерінде қысқа бұтақшалары бар, масақ тәрізді гүлшоғырларында жиналған.</p> <p>Жемісі жұмыртқа тәрізді, шырынды, қызыл, қан қызыл шырыны бар, гүлшесінен сәл асып түседі.</p> <p>Сабақтардың, пішіні әртүрлі гүлше-жеміс бөліктерін тесіктерінің диаметрі 7 мм болатын елеуіштен өту керек. Сабақтардың түсі жасылдау болып келеді.</p> <p>Иісі өзіне тән, дәмі анықталмайды (өсімдіктің барлық бөліктері улы).</p>	<p>ҚР МФ, т.1, 565 б.</p> <p>ҚР МФ, т.1, 2.9.12</p>
<p>В.Микроскопия</p> <p>С.Гистохимиялық реакция D. ЖТСХ</p>	<p><i>Anabasis salsa</i> өсімдігінің микроскоппен тексергенде сабағында эпидермис көрінеді, оның жасушалары қабырғалары біркелкі емес қалыңдатылған көпбұрышты, үстіңгі жағында кутикуламен жабылған. Устьицалар көп, суға батқан, кең ашылған стоматальды тесігі жәнеүлкен астық асты ауасы бар қуысы бар. Устьицалар өсу осінің ұзындығына перпендикуляр бір бағытта бағытталған. Паренхимада кальций оксалат друздары кездеседі.</p> <p>Драгендорф реактивін қосқанда кірпіш түсті қызғылт түс пайда болады (алкалоидтар)</p> <p>Сандық анықтау арқылы алынған зерттелетін ерітіндінің хроматограммасында негізгі пиктің ұсталу уақыты стандартты лупинин үлгісінің хроматограммасындағы лупинин шыңының ұсталу уақытымен сәйкес келуі керек.</p>	<p>ҚР МФ, т.1, 2.8.3</p> <p>НҚ сәйкес</p> <p>НҚ сәйкес</p>
<p>Бөгде қоспалар</p>	<p>Жер үсті бөлігі - қарайған шикізат бөліктері тамыр қалдықтары үшін 10,0% артық емес</p>	<p>ҚР МФ т.1, 2.8.2</p>

11 - кестенің жалғасы

1	2	3
	- органикалық қоспалар - 1,0 % артық емес - минералды қоспалар 1,0% артық емес.	
Кептіргендегі масса шығыны	4,7 %	ҚР МФ, т. 1, 2.2.32
Жалпы күл	10,0 % артық емес	ҚР МФ, т. 1, 2.4.16
10% хлорлы сутегі қышқылында ерімейтін күл	3,0 % артық емес	ҚР МФ, т. 1, 2.8.1.
Сульфатты күл	7,0 % артық емес	ҚР МФ, т.1, 2.4.14.
Микробиологиялық тазалығы	Дәрілік өсімдік шикізаты ҚР МФ I, т.1, 5.1.4. Өмірге бейім аэробты микроорганизмдердің жалпы саны: 1 г 10 ⁵ бактериялар және 10 ⁵ саңырауқұлақтан артық емес 1г 10 ³ <i>Escherichia coli</i> артық емес. 4А категориясы сәйкес болу керек.	ҚР МФ, т. 1, 5.1.4, 2.6.12, 2.6.13
Экстрактивті заттар шығыны	28,18%	ҚР МФ, т. 1, 564 б
Сандық анықтау лупининге қайта есептегенде	0,03% кем емес	ҚР МФ т.1, 2.2.29
Радионуклиидтер	Дәрілік өсімдіктер үшін цезий 137 (Cs-137) 400 Бк/кг; стронций 90 (Sr-90) 200 Бк/кг мөлшері артық болмау керек	ҚР МФ т.1, с.564; ҚР ҰЭМ 27.02.2015ж. № 155 бұйрығы
Ауыр металдар	кадмий - 1,0 мг/кг артық емес қорғасын - 5,0 мг/кг артық емес мырыш - 5.0 мг/кг артық емес мышьяк - 1,0 мг/кг артық емес	ҚР МФ т.3, 2.4.27 және т.1, 2.4.8, 2.4.2
Қаптау	Шикізатты 10 кг және 15 кг үш қабатты крафт-қағаздан жасалған қаптарға буып-түйеді	НҚ сәйкес
Таңбалау	Орамдаудың бекітілген макетін қараңыз	НҚ сәйкес
Тасымалдау	МЕСТ 17768-90Е талаптарына сәйкес	НҚ сәйкес
Сақтау	Күн түсуден қорғалған, температурасы +25±2°С аспайтын желдетілген жерде сақталуы тиіс НҚ сәйкес	МЕСТ 17768-90Е
Сақтау мерзімі	2 жыл	НҚ сәйкес

Anabasis salsa шикізатының тұрақтылығын зерттеу және сақтау мерзімдерін белгілеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-165/2020 бұйрығының талаптарына сәйкес ұзақ мерзімді сынақтар жағдайында 24 ай бойы жүргізілді. Тұрақтылықты сынау үшін *Anabasis salsa* (C. A. Mey.) Benth. ex Volkens) шикізатының үш сериясы алынды, зерттеу нәтижелері 12-кестеде келтірілген.

Кесте 12 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатының тұрақтылығын зерттеу

Қаптама: көп қабатты қағаз пакеттер сынақтың басталу күні: 08.2022; сынақтың аяқталу күні: 08.2024										
Сапалық көрсеткіші	Зерттеу шарттары	Зерттеу әдісі	Нормалар	Бақылау кезеңі, ай						
				0	3	6	9	12	18	24
Сипаттама	Температура (25±2)°С, салыстырмалы ылғалдылық: (60±5) %	ҚР МФ ,т.І	Сортаң бұйырғын кептірілген дәрілік өсімдік шикізатының жер үсті бөлігі. Иісі өзіне тән, дәмі анықталмайды	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес
Идентификация - алкалоидтар		НҚ сай	Кірпіш түсті қызғылт түс	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес
Бөгде қоспалар: -қарайған		ҚР МФ т.1, 2.8.2	10,0% артық емес	6,25	6,25	6,25	6,26	6,26	6,25	6,25
-органикалық қоспалар			1,0% артық емес	0,87	0,87	0,88	0,87	0,90	0,89	0,90
-минералды қоспалар			1,0% артық емес	0,86	0,83	0,82	0,83	0,82	0,83	0,82
Кептіру кезінде жоғалған масса		ҚР МФ, т.1, 2.2.32	1,0% артық емес	4,62	4,61	4,63	4,62	4,62	5,13	4,61
Жалпы күлі		ҚР МФ, т.1, 2.4.16	13,0% артық емес	7,73	7,12	6,34	7,73	8,12	7,34	7,73
10% хлорлы сутегі қышқылында ерімейтін күл		ҚР МФ,т.1, 2.8.1	3,0% артық емес	1,82	1,79	2,81	1,82	1,82	1,80	1,52
Микробиологиялық тазалық		ҚР МФ, т.1, 5.1.4, 2.6.12, 2.6.13	Өмірге бейім аэробты микроорганизмдердің жалпы саны: 1 г 10 ⁵ бактериялар және 10 ⁵ саңырауқұлақтан артық емес 1г 10 ³ <i>Escherichia coli</i> артық емес.	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес	сәйкес
Сандық анықтау	НҚ сәйкес	0,03% кем емес	0,02	0,012	0,018	0,028	0,031	0,028	0,031	

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатының тұрақтылығын (+25±2)°С температурада және салыстырмалы ылғалдылықта (60±5)% зерттеу кезінде микробиологиялық тазалықтың сапалық және сандық көрсеткіштері белгіленген шектерде болды. Шикізат сапасы көрсеткіштерінің сақтау барысында өзгеру динамикасының нәтижелері вариациялық статистиканың стандартты әдістерін қолдана отырып статистикалық өңдеуден өткізілді (орташа мәнді, стандарттық ауытқуды және Стьюдент критерийін есептеу, $p \leq 0,05$). Анықталған сапа көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша «*Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбі» өсімдік шикізатына арналған НҚ жобасы дайындалды (Қосымша Е).

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

1. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің түрлік ерекшеліктері мен отандық шикізат ретінде зерттеу мақсатында Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақжал ауылының маңында (47°72'040" с.ш. 74°06'698" в.д.) сортаң бұйырғын өсімдігінің шикізаты жиналды және фармакогностикалық, фитохимиялық зерттеулер жүргізілді. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің сабақтары (жас өркендері), гүлшелері және тамырларын микроскопиялық және макроскопиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттелуші өсімдік бөліктерінің диагностикалық белгілері және биологиялық белсенді заттардың жиналу жерлері анықталды.

2. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатының жер үсті бөлігі шикізатында пестицидтердің, радионуклидтердің, ауыр металдардың (қорғасын, кадмий, мышьяк, сынап) концентрациясын анықтау нәтижелері сортаң бұйырғын өсімдігі қауіпсіздігі бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға толық сәйкес екендігі анықталды. Экстракция процесінің оңтайлы шарттарын таңдау үшін *Anabasis salsa* шөбінің технологиялық көрсеткіштері зерттеліп, экстрактивті заттардың шығымы жоғары болуына орай экстрагент ретінде 70% этанол таңдалды.

3. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жерүсті бөлігі шикізатының зерттеу нәтижелері өсімдік шикізатында жалпы 8 минералды элементтен, 20 амин қышқылы бар екенін көрсетті. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатында алмастырылмайтын аминқышқылы - лейцин, ал алмастырылмайтын аминқышқылдарының ішінде глутамат, аланин және аспартат басым.

4. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатындағы белсенді зат лупининнің сандық анықтау және шикізаттың сапа спецификациясы жасалды. Сапа сипаттамасына сүйене отырып, «*Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбі» өсімдік шикізатына арналған НҚ жобасы дайындалды.

4 ANABASIS SALSA (C.A. MEY.) BENTH. EX VOLKENS ШИКІЗАТЫНАН ТИІМДІ ЭКСТРАКТ АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ

4.1 *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens шикізатынан экстрактивті заттарды алу технологиясы

Синтетикалық дәрілік заттардың дамуындағы айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, шөптік дәрілерге деген қызығушылық жыл сайын артып келеді. Шөптік дәрілердің танымалдылығы олардың ерекше қасиеттерімен - төмен уыттылығымен, жоғары тиімділігімен, терапиялық әсерінің кең спектрімен және салыстырмалы түрде қолжетімділігімен ғана емес, сонымен қатар фармацевтика, биотехнология және фитохимия саласындағы тез дамып келе жатқан технологиялармен де байланысты [104, 105].

Anabasis salsa (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens - алкалоидты өсімдік. Алкалоидтардың өзі улы, бірақ аз мөлшерде емдік әсер етуі мүмкін. Олардың физиологиялық әсері әртүрлі: кейбіреулері жүйке жүйесін басады немесе қоздырады, басқалары жүйке ұштарын сал етеді, қан тамырларын кеңейтеді немесе тарылтады, ал үшіншілері ауырсынуды басатын әсерге ие. Қазіргі уақытта алкалоидтарды алу өте көп еңбекті қажет ететін процесс болып табылады, ол кезеңдердің ұзақтығы мен санымен күрделене түседі [106].

Зерттеу барысында экстракциялауға дейін өсімдік шикізатын ұсақталып сілтілендірілді. Сілтілендіру: *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens өсімдігінің құрғақ ұнтақталған жерүсті және жерасты бөліктері шыны ыдыста дайындалған 30% калий гидроксиді ерітіндісімен (KOH) ылғалдандырылды және 1 сағат бойы тұндырылды. Осы уақыттан кейін фильтрат ағызылды, ал сабақтар мен тамырлар бөлме температурасында кептірілді және экстракциялауға жіберіледі.

Өсімдік шикізатынан ББЗ максималды бөлініп алынуы үшін экстракциялау әдісін таңдалды және келесідей әдістер қолданылды: мацерация, және перколяция. Мацерация мен перколяция үрдістері шикізаттан экстрагенттің қозғалуын қарастыратын экстракциялаудың динамикалық әдісіне жатады.

Перколяция әдісі 3 кезеңді қамтиды: шикізатты сіңіру, тұндыру, перколяция. Ұнтақталған *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens жерүсті бөлігі шикізатын (50,0 г) ісіндіру (суландыру) перколятордан тыс бөлек ыдыста жүргізілді.

Дайындалған өсімдік шикізаты жабық контейнерге салынды, шикізат массасының жарты ($1/2$) немесе тең салмағына тең экстрагентпен суландырып, араластырып ісіндіруге 4-5 сағатқа қалдырылды. Осы уақытта экстрагент өсімдік шикізаты мен оның жасушасы ішіне енеді, оның ішіндегі заттар еріп, жасушаішілік сөл (біріншілік сөл) түзе бастайды. Сонымен қатар, шикізаттың жасушаларының ішінде экстрактивті заттардың концентрлі ерітіндісі түзіледі. Келесі кезеңде ісінген өсімдік шикізаты перколяторға тығыздап салынды (шикізат арасында мүмкіндігінше аз ауа қалуы керек). Шикізаттың жоғарғы жағынан фильтрмен жауып, экстрагентті (70, 90% сулы-этанол ерітіндісі)

«айна» пайда болғанша құйып, шикізат:экстрагент қатынасы 1:10 күйінде 24 сағат бойы $25\pm 5^{\circ}\text{C}$ жоғары емес температурада жібітуге қойылды. Экстракциялаудың келесі кезеңінде перколятордағы сығындыны жинау жүргізілді. Бұл кезең перколяторды жинау және экстрагентті шикізат қабаты арқылы үздіксіз өткізу болып табылады. Бұл жағдайда сығынды перколятордың төменгі қранынан қандай жылдамдықпен ағызылатын болса, жаңа экстрагент жоғарғы жақтан сондай жылдамдықпен таза экстрагент құйылып отырылуы керек. Содан кейін сұйық сығынды сүзілді. Сүзілген сығынды 50°C температурада роторлы буландырғыштың көмегімен қоюландырылды [107, 108].

Дайын болған 8,5 г 70%-этанолды және 5,13 г 90% этанолды (17,04% және 10,25%) қою экстракта шыны банкаға салынып, нормативтік құжаттарға сәйкес таңбаланды. Алынған құрғақ экстрактылар өлшеніп, биологиялық белсенділікті зерттеу және ББЗ бөліп алу үшін пайдаланылды. Алынған үлгі тоңазытқышта 40°C температурада сақталады. Алкалоидтарды бөлу бойынша ұсыныстар 13-кестеде келтірілген.

Кесте 13 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатынан алкалоидтарды бөлу


Этанол конц.	Қолдану мақсаты	Алкалоидтардың ерігіштігі	Гидромодуль (ұсынылады)	Ескерту
30%	Полярлы алкалоидтарды бөліп алу (бар болса)	Төмен	1:5 – 1:6	Көптеген алкалоидтар үшін оңтайлы емес
50%	Полярлық және полярлық емес бөлшектер арасындағы тепе-теңдік	Жақсы	1:6 – 1:7	Көптеген өсімдік алкалоидтары үшін оңтайлы
70%	Полярлы алкалоидтарды бөлу	Өте жақсы	1:6 – 1:10	Оңтайлы ретінде ұсынылады
90%	Қалдық, полярлы емес заттардың соңғы экстракциясы	Жоғары	1:10	Фракциялық перколяцияға жарамды

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізаттан ББЗ алу процесінің тиімділігіне еріткіш пен шикізаттың - гидромодульдің (ГМ) – массалық қатынасының әсері зерттелді [109].

Экстракцияға және белсенді заттардың шығымына әсер ететін факторлар: шикізат пен экстрагенттің қатынасы 1:5-тен 1:10-ға дейін; температура 55-тен 65°C -қа дейін; экстракция саны 1-ден 3-ке дейін; шикізаттың ұнтақталу дәрежесі 2-ден 10 мм-ге дейін. Экстракция процесінің факторларына байланысты жалпы экстракциялық заттардың шығымы 14-кестеде, ал гидромодулі 17-суретте көрсетілген.

Кесте 14 - Экстракция процесінің факторларына байланысты *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатынан алынған заттардың шығымы

№	Экстрагент	Экстракция әдісі	Экстракция темп-сы, °С	Гидромодуль	Экстракттың қысқартылған атауы	Экстрактивті заттар шығымы, %
<i>Anabasis salsa</i> (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті бөлігі						
1	70% этанол	Перколяция	20	1:5	AS-70P	12,12±0,18
			20	1:8		17,83±0,05
			20	1:10		28,18±0,04
			20	1:15		28,24±0,12
2		Мацерация	50	1:5	AS-70t	14,10±0,14
			55	1:8		16,51±0,05
			60	1:10		17,33±0,07
			65	1:15		17,41±0,01
3	90% этанол	Перколяция	20	1:5	AS-90P	9,09±0,13
			20	1:8		10,24±0,04
			20	1:10		13,12±0,13
			20	1:15		13,25±0,22
4		Мацерация	50	1:5	AS-90t	4,5±0,02
			55	1:8		6,84±0,12
			60	1:10		7,41±0,05
			65	1:15		7,54±0,03
5		Мацерация	50	1:5	AS-90tP	2,14±0,1
			55	1:8		2,94±0,07
			60	1:10		3,34±0,02
			65	1:15		3,61±0,11
6	Хлороформ	Мацерация	50	1:5	AS-Xt	0,38±0,04
			50	1:10		1,42±0,08
			50	1:15		1,39±0,11
7	Тазартылған су	Мацерация	65	1:5	AS-водн-Н	9,29±0,12
			65	1:10		10,54±0,07
			65	1:15		11,21±0,04
<i>Anabasis salsa</i> (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер асты бөлігі						
8	90% этанол	Мацерация	50	1:5	AS-K-90P	18,47±0,08
			55	1:8		17,91±0,11
			60	1:10		21,9±0,06
			65	1:15		21,56±0,14
9	Хлороформ	Мацерация	50	1:5	AS-KX	1,32±0,11
			50	1:10		1,27±0,02
			50	1:15		1,51±0,08
Ескерту: *n=5, P≤0,05. Оңтайлы параметрлер қалың шрифтпен белгіленген. Экстракциялық заттардың шығымы тиімділіктің 1:5 – 1:10 дейін артатынын, содан кейін платоға жететінін көрсетеді.						



Сурет 17 - Экстрактивті заттар шығымына гидромодульге тәуелділігі

17-кестеде келтірілген нәтижеге сүйене отыра *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шөбінен экстрактивті заттарды бөлудегі ең тиімді экстрагент ретінде бөлінген экстрактивті заттардың пайыздық үлестерін негіздей келе, 70% этанол ерітінділеріндегі экстрактивті заттардың шығымының мәні жоғары болғандықтан, экстрагент ретінде таңдалынды. Микробиологиялық тазалығының қауіпсіздігін ұстану мақсатында тазартылған су алынбайды. Шикізаттың дисперсиясы 1,0-3,0 мм болып табылды.


Экстракциялау шартын таңдау кезінде экстрактивті заттар шығымы ескерілді. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігі бойынша перколяция әдісінде экстрактивті заттар шығымы басым мөлшерде болғандықтан осы әдісті жұмыс үрдісіне жалғастырамыз.

Экстракциялау оңтайлы үрдісі:

- экстрагент түрі: 70% этанол;
- шикізаттың экстрагентке қатынасы: 1:10;
- экстракция температурасы: $20 \pm 5^\circ\text{C}$;
- экстракция жиілігі және ұзақтығы: үш рет, 24 сағат.
- Экстракция өнімділігі: $28,18 \pm 2\%$ (жер үсті бөлігі).

Осылайша, біз *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens жер үсті және жер асты бөліктері үшін оңтайлы экстракция параметрлерін анықтадық, бұл экстракциялық заттардың ең жоғары өнімділігін қамтамасыз етеді.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті бөлігінен қою экстракт алудың технологиялық процесі 8 сатыдан тұрады: шикізат пен экстрагентті дайындау, шикізаттан сұйық экстракт алу, экстракты тазарту, сүзу, концентрлеу, қою экстракты қаптау және таңбалау. Әр кезеңде өндіріс процесін бақылау қажет. Технологиялық сызбанұсқасы 18-суретте көрсетілген.



Сурет 18 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатынан перколяция әдісімен қою экстракт алу технологиясының сызбанұсқасы

№10151 «Микробқа қарсы белсенділігі бар сортаң бұйырғын (*Anabasis salsa*) өсімдігінің экстрактін алу тәсілі» пайдалы модель патентімен расталды (Қосымша С).

4.2 *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактысының химиялық құрамын ЖТСХ/ESI-QTOF-MS/MS әдісімен зерттеу

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік экстрактының химиялық құрамын сапалы анықтау мақсатында ЖТСХ/ESI-QTOF-MS/MS (Квадрупольдіуақытша ұшып өту анализаторы негізінде жүргізілетін электробүрку арқылы иондандыру және тандемді масс-спектрометриямен

үйлестірілген жоғары тиімді сұйықтықтық хроматография әдісі) қолданылды және 2.2 бөлімінде сипатталғандай.

Люблин медицина университетінің (Люблин, Польша) фармакогнозия кафедрасында алғаш рет әртүрлі экстрагенттерді (су, 90% этанол, 70% этанол және хлороформ) пайдаланып, *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens сабақтарынан, гүлшоғырларынан және тамырларынан алынған экстракттардың құрамын зерттеу ЖТСХ-ны масс-спектроскопиямен бірге қолдану арқылы жүргізілді. Өсімдік экстрактыларының әртүрлі компоненттері жоғары сенімділікпен идентификацияланып, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен молекулалық иондар фрагментациясының заңдылықтары анықталды. Зерттеу барысында позитивті және негативті иондау режимдері, әртүрлі фрагментация сатылары, сонымен қатар соқтығысу энергияларының кең ауқымы қолданылып, нақты хроматографиялық бейнелер мен жоғары ақпаратты MS/MS фрагменттеу спектрлері алынды.

ЖТСХ-ESI-Q-TOF-MS/MS көмегімен *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens экстракттарының хроматографиялық зерттеу

Экстрактының сапалық құрамын бағалау және таралу коэффициентінің (k) мәндерін анықтау үшін масс-спектрометриямен біріктірілге жоғары тиімді сұйық хроматографиясы (ЖТСХ-MS) қолданылды. ЖТСХ-MS хроматографы (HP 1200 сериясы, Agilent Technologies, Санта-Клара, Калифорния, АҚШ) Q-TOF масс-спектрометріне қосылған дегазатормен, екілік сорғымен, автосамплермен, баған термостатымен және PDA-масс-детектор QTOF-MS/MS (6500 Series, Agilent technologies, Санта-Клара, Калифорния, АҚШ) жабдықталған. Екіншілік метаболиттердің хроматографиялық бөлінуі Zorbax Eclipse Plus RP-18 (150 мм x 2.1 мм, dp = 3.5 мкм, Agilent Technologies, Санта-Клара, Калифорния, АҚШ) хроматографиялық колоннаны қолдана отырып оңтайландырылған әдістеме бойынша жүргізілді. Хроматограммалар еріткіш градиентінде тіркелді: 0.1 % құмырсқа қышқылы бар ацетонитрил (B еріткіші) және 0.1 % құмырсқа қышқылының сулы ерітіндісі (A еріткіші) келесідей: 0 мин – 1 % B, 10 мин – 20 % B, 15 мин – 40 % B, 17-22 мин – 95 % B, 1-25 мин – 1 % B. Айдау 30 минут бойы жүргізіліді. Ағынның жылдамдығы 0.2 мл/мин, термостаттың температурасы 20 °C, УК анықтау 254, 280, 365 және 320 нм, ерітінді көлемі 10 мкл болды.

Масс-спектрометр газ бен қабық газы үшін 275 және 325 °C температурада 40-1300 мкМ масса диапазонында оң және теріс иондар режимінде жұмыс істеді, сәйкесінше 12 л/мин газ ағындары, 3000В капилляр кернеуі, 35 psig бүріккіш қысымы, 10 және 20В соқтығысу энергиясы, 110В фрагментатор кернеуі және скиммер қысымы 65В. Qualitative Navigator (B. 10.00 нұсқасы) және Agilent Mass Hunter Data Acquisition (нұсқасы 10.1) шығарушы компания Agilent Technologies (Санта-Клара, Калифорния, АҚШ) бағдарламаларын спектрлерді алу және жазылған деректерді өңдеу үшін пайдаланылды.

Ғылыми әдебиеттеге сүйене отырып, *Anabasis L.* тұқымдасы биологиялық белсенді екінші реттік метаболиттеріге бай екені анықталған, әсіреле алкалоидтарға. Компоненттерді идентификациялау процесі негізінен оң және

теріс иондау режимінде жүзеге асырылды, оң режим флавоноидтар, фенолдық қышқылдар және басқа полифенолдық қосылыстар секілді полярлы метаболиттерді жоғары сезімталдықпен анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оң иондау режимі жүрек гликозидтері сияқты теріс ионданбайтын немесе төмен полярлы қосылыстардың іздерін анықтау үшін, ал алкалоидтарды анықау мақсатында теріс иондану қолданылды және *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens шикізатының экстракттарының кейбір минорлы компоненттердің болуын дәлелдеді. Алынған мәліметтер негізінде *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік түріне тән масс-спектрометриялық профильдер құрылды. Хинолизидінді алкалоидтар оның ішінде лупининнің құрылымында негізгі азот атомы бар. Оң иондану режимінде талданған кезде, азот атомдары протондарды оңай қабылдайды, нәтижесінде оң зарядталған иондар пайда болады. Сондықтан, хинолизидінді алкалоидтарының фрагментациялық үлгісі мен тұрақтылығы оң иондану режиміне жақсы сәйкес келеді.

Бұл зерттеуде ерекше қызығушылық тудырған лупининді идентификациялауда сипаттамалық фрагмент иондарының пайда болуына мүмкіндік береді. Лупининнің фрагментациясы **оң иондану** режимінде жүреді. Мұндай жағдайларда молекулалық ион протондалған молекулалық ионнан $[M+H]^+$ 170,1544 m/z мәні бар сигнал ретінде анықталады.

ЖТСХ-MS - әдісі Zorbax Eclipse Plus тұрақты байланыс RP-18 (150×2,1 мм, dp=3,5 мкм, Agilent Technologies, Санта-Клара, Калифорния, АҚШ) хроматография бағанын пайдаланып, келесі еріткіш А (0,1% құмырсқа қышқылы) және еріткіш В (0,1% құмырсқа қышқылы бар ацетонитрил) градиентін пайдаланып орындалды: 0 минутта А-да 10% В, 10 минутта 40% В in А, келесі 2 минутта А-да 40% В, 21-25 минутта 95% В in А изократиялық талдау. Талдау уақыты 30 минут болды:

- ағын жылдамдығы - 0,2 мл/мин;
- температура - 25 °С;
- детектрлеу толқын ұзындықтары - 254, 320, 365 және 280 нм.

Алынған деректерді өңдеу үшін Mass Hunter Workstation және Qualitative Navigator V.08.00 (Agilent Technologies, Санта-Клара, Калифорния, АҚШ) бағдарламалық жасақтамасы пайдаланылды.

ЖТСХ-ESI-QTOF-MS/MS әдісімен зерттелген *Anabasis salsa* (С. А. Мей.) Benth. ex Volkens) шикізатының экстракттарының химиялық құрамының нәтижелері 15-кестеде келтірілген.

Әр қосылыс үшін теориялық масса, массалық ауытқу және қанықпағандық дәрежесі есептеліп, олардың құрылымдық сәйкестігі жоғары дәлдікпен анықталды (айырмашылық ±5 ppm шегінде). Жоғары ажыратымдылықтағы MS/MS өлшеулері анықталған қосылыстардың көпшілігінің фрагментациялық үлгілерін зерттеу және бұл деректерді қазіргі уақытта қолжетімді ғылыми әдебиеттер мен METLIN дерекқорындағы деректермен салыстыру үшін сенімді деректер берді. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактынан анықталған кейбір қосылыстардың MS/MS спектрлері және олардың құрылымдық формулалары 19-21 суреттерде көрсетілген.

Кесте 15 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактысының химиялық құрамы



№	Ионизация режимі	Ұсталу (Rt) уақыты, мин	Молекулалық формула	Теориялық масса, г/моль	Табылған масса, г/моль	МС/МС фрагменттері	Қосылыс атауы	Экстракт түрі	Сілтемелер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Алкалоидтар									
3	[M-H] ⁺	2.56	C ₁₀ H ₁₉ NO	170.1544	170.1535	152.1467, 137.1234, 124.1157	Лупинин	AS-70P, AS-90tP, AS-90t, AS-90P	[4, с.8; 110, 111]
4	[M-H] ⁺	2.74	C ₁₀ H ₁₄ N ₂	163.1235	163.1225	163.1225, 120.0805, 80.0500	Анабазин	AS-90t, AS-K-90, AS-K-x	[111]
5	[M-H] ⁺	10,83	C ₁₅ H ₂₂ N ₂ O	247,1810	247,1319	229.1081, 219.1375, 201.1106	Афиллидин	AS-90tP	[4, 110]
9	[M-H] ⁺	14,46	C ₁₉ H ₁₆ NO ₄	323,1157	323,0740	185.0416, 277.0235, 323.0740	Талифендин	AS-90tP	[112]
21	[M-H] ⁺	21,21	C ₁₉ H ₂₃ NO ₃	314.1756	314,1388	121.0648, 177.0547, 314.1388	Оксиакантин	AS-90tP, AS-90t AS-водH, AS-водK	[112]
19	[M-H] ⁻	20,74	C ₁₉ H ₂₃ NO ₃	312,1599	312,1239	178.0500, 312.1239, 09.6953,	4-О-метил-N-метил коклаурин	AS-90P, AS-90t AS-K-x, AS-Lup	[112]
8	[M-H] ⁺	14,43	C ₁₅ H ₂₄ N ₂ O ₂	265,1911	265,1530	177.0545, 222.1109, 248.1285	13-гидроксилупанин	AS-70P, AS-70t AS-90P, AS-90tP AS-90t	[112]
Флавоноидтар және фенолды қосылыстар									
12	[M-H] ⁻	15.48	C ₁₅ H ₁₀ O ₇	301,0348	301,0568	168.0054, 257.0644, 283.0449	Кверцетин	AS-70P, AS-70t AS-90P	[113]
24	[M-H] ⁻	22.75	C ₁₇ H ₂₆ O ₄	293.1752	293.1758	236.1052, 293.1758	Гингерол	AS-70t	[114]
Флавоноидты гликозидтер									
18	[M-H] ⁻	18.4	C ₂₇ H ₃₀ O ₁₆	609,1455	609,1149	301.0345, 521.1321	Рутин	AS-70P, AS-70t AS-90P, AS-90t	[115]
14	[M-H] ⁻	16.87	C ₂₇ H ₃₀ O ₁₅	593.1506	593.1511	353.0663, 473.1061, 775.3520	Кверцетин-3,7-дирамнозид	AS-90P	[116]

15 - кестенің жалғасы

Хромон қосылыстары									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
23	[M-H] ⁻	22.49	C ₁₆ H ₁₈ O ₅	289,1076	289,1114	224.9959, 289.1108, 373.2633	5-О-метилвиса- минол	AS-90P, AS-90t AS-K-х, AS-водH	[116]
Аминқышқылдар									
1	[M-H] ⁺	2.107	C ₅ H ₁₁ NO ₂	118,0868	118,0853	59.0726, 102.0533, 118.0853	L-валин	AS-70P, AS-70t, AS-90P, AS-90tP, AS-90t, AS-K-90, AS-водH, AS- водK	[113]
Гликозидтер									
7	[M-H] ⁻	13.56	C ₁₃ H ₁₆ O ₁₀	331,0665	331,0668	125.0235, 168.0059, 231.0486, 286.1201	Галл қышқылының гликозиді	AS-70P, AS-70t, AS-90P, AS-90t	[115]
6	[M-H] ⁻	12,57	C ₁₄ H ₂₀ O ₈	315,1079	315,1073	153.0550, 230.9908, 483.1905	Гидрокси- тирозол 4-О- гликозиді	AS-70P, AS-70t, AS-90P, AS-90tP, AS-90t, AS-K-х, AS-водK, AS-Lцр	[116]
26	[M-H] ⁻	28,28	C ₃₆ H ₆₂ O ₈	621,4366	621,4375	345.7328, 525.2719, 621.4375	Гинсенозид	AS-90tP	[116]
11	[M-H] ⁺	15,41	C ₁₇ H ₂₄ O ₉	373,1498	373,1742	373.1742, 301.1841, 193.1146 118.0832	Сирингин	AS-70P, AS-70t AS-90P, AS-90tP AS-водK	[117]
15	[M-H] ⁻	17.91	C ₁₆ H ₂₂ O ₁₀	373,1134	373,1173	121.0288, 175.0250, 249.0609	3-бета- глюкопиранозилокси -2- гидроксид-1-(4- гидроксид-3-метофен ил)-пропан-1-он (28)	AS-70P, AS-70t, AS-90P, AS-90t, AS-K-х, AS-водH	[116]

15 - кестенің жалғасы



Фенолды гликозид									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
17	[M-H] ⁺	18,16	C ₁₄ H ₁₈ O ₇	299,1130	299,1483	256.1102, 136.0620	Пицеозид	AS-70P, AS-90tP AS-90t	[118]
Қышқылдар									
10	[M-H] ⁺	15.26	C ₁₆ H ₁₁ NO ₂	250,0868	250.1391	84.0774, 132.0787, 206.1138	Цинхофен	AS-70P, AS-70t AS-90P, AS-90tP AS-90t, AS-K-90 AS-водH	[117]
2	[M-H] ⁻	2,69	C ₆ H ₈ O ₇	191,0191	191,0544	87.0089, 111.0087, 158.8460	Лимон қышқылы	AS-70P, AS-70t, AS-90P	[115]
22	[M-H] ⁻	21,74	C ₁₈ H ₃₄ O ₅	329,2328	329,2330	80.9642, 201.1124, 329.2330	9,10,11- тригидрокси-(12Z)- 12-октадецен қышқылы	AS-90P, AS-90tP AS-90t, AS-K-90 AS-X-t, AS-K-x AS-водH, AS- водK, AS-Lup	[116]
20	[M-H] ⁻	20.76	C ₁₈ H ₁₉ NO ₄	312,1235	312.1239	178.0500, 321.1239, 663.4192	Ацетилкаранин	AS-90P, AS-K-x AS-Lup	[116]
25	[M-H] ⁻	24,33	C ₁₈ H ₃₂ O ₄	311,2222	311,2230	98.9353, 249.2243, 311.2230	Октадецендио қышқылы	AS-90tP, AS-90t AS-K-90, AS-X-t AS-K-x, AS-водH AS-водK, AS-Lup	[116]
Моносахаридтер									
13	[M-H] ⁻	16.57	C ₆ H ₁₂ O ₆	179,0555	179,0351	107.0496, 135.0446, 319.3856	Фруктоза	AS-90t	[116]
Органикалық қосылыстар									
16	[M-H] ⁺	17.92	C ₇ H ₈ N ₂ O	137,0714	137,0605	43.0191, 55.0202, 121.0596	N-метил никотинимид	AS-70P, AS-70t AS-90P, AS-90tP AS-90t, AS-водH	[117]
Ион-иондану түрі (+/-), RT - ұстау уақыты									





Лупининнің фрагментациясы оң иондану режимінде жүреді. Бұл жағдайларда молекулалық ион протондалған молекулалық ионнан $[M+H]^+$ m/z 170.1544 сигнал түрінде анықталады. Сондай-ақ 152.1467; 137.1234; және 124.1157 нүктелеріндегі MS/MS фрагменттері де тән.

Бұл жағдайда лупининнің фрагментациясы дұрыс емес



Анабазиннің MS/MS спектрі №20




Лупининнің AS-70P экстрактындағы MS/MS спектрі




Лупининнің AS-90tP экстрактындағы MS/MS спектрі




Сурет 19 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактының құрамындағы кейбір БҚ MS/MS спектрлері




Рутиннің MS/MS спектрі



L-валиннің MS/MS спектрі




Галл қышқылы MS/MS спектрі



Кверцетиннің MS/MS спектрі

Сурет 20 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактының құрамындағы кейбір индивидуалды қосылыстардың MS/MS спектрлері



3-лупинин; 4-анабазин; 5-аффилидин; 6-гидрокситирозол-4-*O*-глюкозид; 7-галл қышқылы; 11-сирингин; 12-кверцетин; 15-3-бета-глюкопиранозилокси-2-гидрокси-1-(4-гидрокси-3-метофенил)-пропан-1-он; 17-пицеозид; 18-рутин; 19-4-*O*-метил-N-метилкоклаурин; 20-ацетилкаранин; 21-оксиакантин; 22-9,10,11-тригидрокси-(12*Z*)-12-октадецен қышқылы; 23-5-*O*-метилвисамминол; 24-гингерол; 25-октадецендион қышқылы

Сурет 21 - 280 нм толқын ұзындығында *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактын ЖТСХ/ESI-QTOF-MS/MS әдісі көмегімен алынған хроматограмма

LC-MS талдауынан алынған массалық хроматограммалар үлгілер арасында кейбір көрінетін айырмашылықтарды анықтады. Ұсынылған хроматограммалар фенолдық қосылыстар мен флавоноидтардың талдаудың 13 минутынан кейін анықталатынын, ал қышқылдар мен лупинин алкалоидтарының талдаудың алғашқы минуттарында бағанадан элюцияланатынын, ал гликозидтердің талдаудың ортасында, яғни 14-18 минутта анықталатынын көрсетеді.

Талдау нәтижелері *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің зерттелген экстрактында флавоноидтар мен басқа да фенолдық қосылыстарға, сондай-ақ алкалоидтарға бай екінші реттік метаболиттердің кең ауқымы бар екенін көрсетеді. Лупинин алкалоидтары *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдігінің жер үсті бөлігінің (сабақтары, гүлшоғырлары) және жер асты бөлігінің (тамырлары) барлық экстрактыларында кездеседі. Лупининнің алкалоиды AS-90tP, AS-90t, AS-70P экстрактыларында анықталды, мұнда еріткіш ретінде 70-90% сулы-спирттік ерітінді қолданылады.

Фитохимиялық скрининг нәтижесінде *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактылары бірқатар пайдалы фитохимиялық заттардың көзі болып табылатынын көрсетеді. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens жер үсті және жер асты бөліктерін зерттеу нәтижесінде қышқылдар, флавоноидтар және олардың гликозидтері, фенол қышқылдары және алкалоидтарды қоса алғанда, 26 қосылыс анықталды (15-кесте). Бұл химиялық қосылыстар барлық жоғары сатыдағы өсімдіктерде жиі кездеседі және қорғаныс рөлін атқарады, бұл өсімдіктің дәрілік қасиеттерге ие болуына мүмкіндік береді. Бұл нәтижелер сонымен қатар *Anabasis aphylla* және *Anabasis setifera* фитохимиялық скрининг деректерімен сәйкес келеді.

Экстракттарды салыстырмалы талдау нәтижесінде метаболиттерге (алкалоидтар, флавоноидтар) ең бай органы *Anabasis salsa* (С. А. Мей.) Benth. ex Volkens) жер үсті бөлігі (сабақтары, гүлдері) екені анықталды. Анықталған қосылыстар бұрын *Anabasis* L. туысының басқа өсімдіктерінде табылған; дегенмен, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens өсімдік шикізатының экстрактылары үшін ұсынылған қосылыстардың көпшілігі алғаш рет сипатталған (Қосымша Ж). Зерттеу нәтижелері [119] журналында жарияланған.

4.3 *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens қою экстрактындағы лупининді сандық анықтау


ЖТСХ талдауы арқылы *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens негізінде алынған экстракттардың химиялық құрамын зерттеу «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ (Қарағанды қ., Қазақстан) ғылыми-зерттеу орталығының базасында жүргізілді. Лупининнің сандық мөлшерін ҚР МФ I т. 1, 2.2.29 және 2.2 тарауда сипатталған әдіске сәйкес, сондай ақ әдебиет көздердің әдістемелері негізінде жүргізілді [120, 121].

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens қою экстрактының құрамындағы лупининді сандық анықтау екі каналды, УК детектрлі және масс-спектрометрмен жабдықталған Agilent 6130 Infinity (АҚШ) ЖТСХ хроматографында изокритикалық режимінде жүргізілді. Zorbax Eclipse Plus C18


(1,8 мкм) сорбентімен толтырылған 2,1×100 мм аналитикалық баған стационарлық фаза ретінде пайдаланылды: жылжымалы фаза: ацетонитрил-су 1:1 (көлем/көлем), изокритикалық режимде: судағы 2,5% құмырсқа қышқылы және ацетонитрилдегі 2,5% құмырсқа қышқылы 28:72 қатынасында (құмырсқа қышқылы лупинан иондарының шың пішінін жақсартуға және олардың иондануын басуға көмектеседі) [121]. Дайын болған үлгілер ЖТСХ хроматографына енгізілді, әрқайсысына кемінде 5 хроматограмма көлемінде алынады. Деректерді есептеу Microsoft Excel бағдарламалық құралы арқылы орындалды. Экстракттардың құрамындағы лупинин алкалоидының сандық анықтауы 16-кестеде көрсетілген. Хроматограммалары 22-23 суреттерде көрсетілген.

Кесте 16 - *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens экстрактыларындағы лупинин алкалоидының сандық құрамы

№	Экстракт түрі	Экстракттағы лупининнің сандық мөлшері, %
1	AS-70P	0,1769
2	AS-90P	0,0094
3	AS-90t	0,0028
4	AS-90tP	0,0079
5	AS-K90	0,0018
6	AS-KX	0,0075
7	AS-XT	0,0008



Сурет 22 - Лупинин стандартты үлгінің хроматограммасы ($\lambda=210$ нм, 2.347 мин.). Тазалығы 99,14%



Сурет 23 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens
экстрактысының (AS-70P) хроматограммасы
(лупинин - 2.67 мин, $\lambda=210$ нм)

Осылайша, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактысының жерүсті және жерасты бөлігінің құрамында лупинин алкалоидының сандық құрамын зерттеу мақсатында перколяция және мацерация әдісімен экстракттар алынды. Экстракттардың құрамындағы лупинин мөлшері 16-кестеде және 22-23 хроматограммаларда келтірілді. Нәтижесінде, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактысының жерүсті бөлігінде, перколяция әдісімен алынған экстракттарының AS-70P, AS-90P құрамында лупининнің мөлшері басым және 0,1769-0,0098% аралығында. Ал, жерасты бөлігінде, мацерация әдісімен алынған экстракттарының ASK-90 және AS-KX құрамында лупинин алкалоидының мөлшері 0,006-0,0018%. Сілтіленген жерүсті бөлігінен алынған экстракттың AS-90tP құрамында лупининнің мөлшері 0,0079% құрайды. Осылайша, лупинин алкалоидын бөліп алу мақсатында, экстрактивті заттардың шығымы және лупининнің сандық мөлшері жоғары болғандықтан, перколяция әдісімен алынған AS-70P экстракт тандалды (Қосымша II).

4.4 *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens қою экстрактының сапа сипаттамаларын жасау

Перколяция әдісімен алынған *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens қою экстрактын стандарттау 5 партияда жүргізілді. Сапа параметрлері ҚР МФ және Еуразиялық экономикалық одақтың Федералдық заңының талаптарына сәйкес анықталды. *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens қою экстрактының сапа параметрлері 17-кестеде келтірілген.

Кесте 17 - *Anabasis salsa* (C.A. Mey.) Benth. ex Volkens қою экстрактының сапа параметрлері

Сапа көрсеткіштері	Ауытқу нормалары	Зерттеу тәсілдері
Сипаттамасы	Белгілі бір иісі бар қою, қою жасыл консистенциялы масса	ҚР МФ т.1, 2.8.8.
Идентификациясы: А. Алкалоидтар Б.ЖҚХ В.ЖТСХ	А. 2 мл фильтратқа 3 мл Драгендорф реактивін қосқанда қызғылт сары тұнба түзіледі. Б. Сынақ хроматограммасында лупинин стандартты үлгісінің адсорбция аймағы деңгейінде қызғылт сары дақ көрінуі керек. В. Сандық анықтау кезінде алынған сынақ ерітіндісінің хроматограммасында негізгі шыңның сақталу уақыты стандартты лупинин үлгісінің хроматограммасындағы лупинин шыңының сақталу уақытымен сәйкес келуі керек.	Сапалық реакция ҚР МФ т.1, 2.2.27 НҚ сәйкес
Ерігіштік	70% этанолда, хлороформда, диметилсульфоксидте, 96% этанолда оңай ериді. Тазартылған суда ішінара ериді. Этилацетатта іс жүзінде ерімейді.	ҚР МФ т.1, 1.4
Ауыр металдар	Кадмий 1.0 мг/кг артық емес, қорғасын - 5.0 мг/кг артық емес, сынып - 0.1 мг/кг артық емес, мышьяк- 1,0 мг/кг артық емес	ҚР МФ. т.3, 2.4.8, 2.4.2
Органикалық ерітінділердің қоспалары	0.5% (этанол) артық емес	ҚР МФ. т.1, 5.4, 2.2.28
Құрғақ қалдығы	70 % кем емес	ҚР МФ т.1, 2.8.16
Кептіргендегі масса шығыны	25 % артық емес	ҚР МФ т.1, 2.8.17
Микробиологиялық тазалығы	Аэробты микроорганизмдер 1 грамм немесе миллилитрде 10^5 бактериядан және 10^4 саңырауқұлақтан көп емес; 10^3 энтеробактериялар және кейбір басқа грамтеріс бактериялар г немесе мл артық емес; ішек таяқшасының болмауы (1 г немесе 1 мл). Препарат ҚР МФ, т. 1, 5.1.4, 4В санаты.	ҚР МФ т.1, 2.6.12, 2.6.13, 5.1.4, Ф ЕАЭС 2.3.1.4
Алкалоидтардың мөлшерін сандық анықтау лупининге қайта есептелді	0,1769 % кем емес	ҚР МФ т.1, 2.2.29
Орау	Бұрандалы пластмасса қақпақтармен жабылатын қоңыр түсті шыны құтыларға 10,0 салынды.	ҚР МФ т.1, 3.2.1 ҚР МФ т.1, 3.2.2
Сақтау	Температурасы +15°C- +25°C, салыстырмалы ылғалдылық 60±5% аспайтын, құрғақ және жарықтан қорғалған жерде	НҚ сәйкес
Сақтау мерзімі	24 ай	НҚ сәйкес
Фармакологиялық әсері	Микробқа қарсы	НҚ сәйкес

17-Кестеден көрініп тұрғандай, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактын сапа көрсеткіштері бойынша талаптарға сәйкес.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens жер үсті бөлігінен алынған экстрактының тұрақтылығын анықтау «Дәрілік затты өндіруші дәрілік заттардың тұрақтылығын зерттеулерді, оларды сақтау және қайта бақылау мерзімін белгілеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-165/2020 бұйрығы талаптарына сәйкес 24 ай бойы ұзақ мерзімді сынақ әдісімен жүргізілді.

Ұзақ мерзімді сынақ әдісімен тұрақтылықты анықтау кезінде өсімдік шикізаты $25\pm 2^{\circ}\text{C}$ температурада, $60\pm 5\%$ ауаның салыстырмалы ылғалдылығында сапалық және сандық анықтау мөлшерлері, микробиологиялық тазалығы белгіленген нормада болды. Негізгі сапалық көрсеткіштер бойынша серияларды бақылау мерзімі 0, 3, 6, 9, 12, 18, 24 ай, ал микробиологиялық тазалығы бойынша 0 және 24 ай болды. Бақыланатын сапа көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады.

Осылайша, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens қою экстрактының сапа сипаттамалары зерттелді, сондай-ақ нормативтік құжаттың жобасы дайындалды (Қосымша К).

4.5 Ортадан тепкіш үлестіру хроматографиясын пайдалану арқылы белсенді қосылыстарды бөлу

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens қою экстрактынан биологиялық белсенді қосылыстарды ортадан тепкіш үлестіру хроматографиясы (ОТҮХ) әдісімен бөлу «Люблин медицина университеті» (Люблин қ., Польша) ғылыми-зерттеу орталығының базасында жүргізілді.

Anabasis salsa (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактын фракциялауға арналған екі фазалы еріткіш құрамын таңдау

Алкалоидтарды бөліп алудың ең қолайлы әдісі ОТҮХ деп санауға болады. Бұл метаболиттер силикагель бетінде адсорбциялануға бейім, ал олардың дәстүрлі бағандардан бөлінуі нашарлайды, бұл бөліп алу процесінің тиімділігін айтарлықтай төмендетеді. Берік тіректің болмауы экономиканың тез қалпына келуіне кепілдік береді. ОТҮХ алкалоидтармен жұмыс істеу бойынша кең ауқымды әдістемелік ұсыныстар ұсынады. Ағын жылдамдығы мен айналу жылдамдығын реттеу - сақталуы тиіс негізгі параметрлер болып есептеледі. Өртүрлі авторлар жүйенің алкалоидтарға қатысты селективтілігін арттыру үшін қолданылатын екі фазалы еріткіш жүйелеріне модификаторларды енгізеді. Котланд және т.б. [122] өз зерттеулерінде тізбекті үздіксіз араластырылған реакторлардағы қышқыл-негіз тепе-теңдігіне және фазааралық масса алмасуына негізделген ОТҮХ моделін қолданды. Бұл модель оңтайландырылған жұмыс жағдайларында үлкенірек ОТҮХ бағанындағы толық бөлінулерді болжау және ОТҮХ пайдаланушысына масштабтау стратегиясында бағыт беру үшін пайдаланылды. Бұл әдістеме ОТҮХ бөлу процесін тиімді

жобалауға мүмкіндік береді, процесті масштабтау кезінде сынақ және қателік қажеттілігін азайтады. Сондай-ақ, алкалоидтардың органикалық еріткіштерде және полярлық сұйықтықтарда еріген тұздарда еритін бос негіздер ретінде өмір сүру мүмкіндігін ескере отырып, бай матрицалардан алкалоидтарды алу және оларды әртүрлі химиялық табиғаты бар басқа метаболиттерден бөлу үшін рН-аймақтық тазарту режимі жасалды. Дегенмен, тамақ өнімдерінде қолданылатын сығындыны байыту кезінде күшті қышқылдарды немесе негіздерді қосу күмәнді болуы мүмкін. ОТҮХ әдісінің қосымша артықшылығы - химиялық таза еріткіштерді пайдаланып талдау жүргізу мүмкіндігі, бөлу шығындарын айтарлықтай азайтады және жасыл химия принциптеріне сәйкес келеді.

Жоғарыда аталған ерекшеліктерге байланысты, бұл әдіс сұйық-сұйық хроматографтарға тән қарапайым масштабтау процедурасын ескере отырып, өсімдік экстрактысынан алкалоидтарды бөліп алу үшін жақсы таңдау болып есептеледі [123].

Алкалоидтарды өсімдік құрамынан бөліп алуға және тазалауға арналған ОТҮХ қолдану жөнінде тәжірибелік мәліметтер аз келтірілген. Осы қазіргі кезде кеңінен танылып келе жатқан әдіс алкалоидтарды тіпті сығындылық заттардың аз жиынтығынан сапалы мақсатты өнімді салыстырмалы түрде тез, әрі тиімді алуға мүмкіндік беретін тазалаудың тиімді әдісі болып табылатындығы көрсетілген.

ОТҮХ заттардың тек еріткіштер арасында таратылатынына жорамалданатын механизммен тиімді бөлінуді қамтамасыз ететіндіктен, бөлінетін өсімдіктекті экстрактының да, оның құрамына кіретін заттардың да кереғарлық диапазонына байланысты еріткіштердің хроматографиялық жүйесін дұрыс таңдау аталмыш әдіспен сәтті бөлу негізі болып табылады және бөлудің әр нысанына жеке әдісті талап етеді. Алкалоидтарды өсімдік құрамынан тиімді түрде бөліп алу үшін ортаның рН мен ион күшінің қосымша реттелулері қажет екендігі тәжірибелік түрде дәлелденген.


Лупининді бөлу мақсатта өндірістің тиімді және экологиялық таза әдісін жасау үшін заманауи хроматографиялық әдістерді, атап айтқанда, ОТҮХ қолдануды бастадық. ОТҮХ жоғары сапалы қосылыстарды көп мөлшерде бөліп алуға мүмкіндік береді, бұл оны тиімді және оңай коммерцияландырылатын әдіске айналдырады.

ОТҮХ көмегімен сәтті бөлудің негізі хроматографиялық еріткіш жүйесін дұрыс таңдау болғандықтан, жұмыс жоғары сапалы мақсатты өнімнің сандық өнімділігін қамтамасыз ететін оңтайлы еріткіш жүйесін таңдаудан басталды. AS-70P этанолды экстрактынан алкалоидтарды алу үшін ең қолайлы құрамды таңдау мақсатында әртүрлі еріткіш жүйелерін пайдаланып бірқатар сынақтар жүргізілді. Сыналған еріткіш қоспаларына метил-*трет*-бутил эфирінің (MtBE), бутанолдың, этанолдың, аценотрилдің және судың әртүрлі қатынасы кірді. Содан кейін дайындалған еріткіш қоспаларының әрқайсысына 30 мг экстракт қосылды. Экстракт (30 мг) қоспаларда мұқият ерітіліп, содан кейін жоғарғы және төменгі фазаларға бөлінді (18-кесте).

Кесте 18 - ОТҮХ үшін биологиялық белсенді заттарды бөлуге арналған еріткіштерді таңдау

№	Еріткіштер жүйесі	Еріткіштер ара қатынасы	V, мл	Фракциялары
1	метил-трет-бутил эфирі-су-ТЭА-түз қышқ.ерт.	1:1:1:1	2,5-2,5-5+5	№1 жоғ.ф, №2 төм.ф
2	гексан-бутанол-этанол-су	1:12:6:15	0,42-1,67-0,83-2,01	№3 жоғ.ф, №4 төм.ф
3	гексан-бутанол-этанол-су	1:14:6:15	0,14-1,94-0,83-2,01	№5 жоғ.ф, №6 төм.ф
4	метил-трет-бутил эфирі-ацетонитрил-бутанол-су	2:2:1:5	1-1-0,5-2,5	№7 жоғ.ф, жылжым.фаза №8 төм.ф, стац. фаза
5	метил-трет-бутил эфирі-бутанол-ацетонитрил-түз қышқ.ерт.	2:2:1:5	1-1-0,5-2,5	№9 жоғ.ф, №10 төм.ф
6	гексан-этилацетат-этанол-су	1:14:6:15	2.5-0.5-1-1	№11 жоғ.ф, №12 төм.ф

Жоғарғы және төменгі фазалардың тең көлемдері ЖТСХ-MS хроматографиясын қолдана отырып бөлек талданды, бұл бізге таралу коэффициентін (k) есептеуге, яғни $k=Ж/Т$ ($k=№7/№8$) формуласын қолдана отырып, төменгі фазадағы қосылыстың шың ауданын жоғарғы фазадағы (№7, №8) сол қосылыстың шың ауданына бөлуге мүмкіндік берді. Коэффициенттер жетекші компоненттердің жоғарғы және төменгі фазалар арасындағы таралуын көрсетіп, әртүрлі жағдайларда бөлудің ықтимал тиімділігі туралы түсінік берді (24-сурет). Әрбір қосылыс үшін есептелген k мәндері хроматографиялық жағдайларды жоғары қарай жұмыс режиміне қарай таңдауға бағыт берді.



Сурет 24 - Таралу коэффициентін (k) есептеу, яғни төменгі фазадағы қосылыстың шың ауданын 280 нм-де жоғарғы фазадағы (№7, №8) сол қосылыстың шың ауданына бөлу

AS-70P экстрактын бөлуге арналған *екі фазалы* жүйе қосылыстардың екі араласпайтын фаза арасындағы таралу коэффициентіне (k) негізделіп таңдалды. Қосылыстардың k мәні ЖТСХ-MS талдауы арқылы бағаланды. Коэффициент әрбір шың үшін есептелді: $k = 633/160 = 3,95$, сақтау уақыты 14,151 (№7), 14,079 (№8). Идея мақсаты жалпы экстрактыны бағанға бір рет енгізгеннен кейін жоғары тазалықтағы лупинин алу үшін қанағаттанарлық k мәндері бар екі фазалы еріткіш жүйесін құру болды.

Нәтижесінде, №4 үлгі (метил-трет-бутил эфирі-ацетонитрил-бутанол-су 2:2:1:5 v/v/v/v) басқа жүйенің ішіндегі ең жақсы жүйе ретінде таңдалды. Бұл жағдайда негізгі алкалоидтар арасындағы k мәндеріндегі айырмашылықтар ең үлкен болды, бұл оның ең жоғары тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, еріткіштің тұндыру уақыты қысқа болды, ал жоғарғы және төменгі жүйелердің көлемдері іс жүзінде бірдей болды, бұл жоғары айналу жылдамдықтарында қарсы токтың бөлінуіне кедергі келтірмеді. Осылайша, №4 үлгі AS-70P этанолды экстрактының жер үсті бөлігінен жеке қосылыстарды бөлу үшін оңтайлы еріткіш жүйесі болып анықталды, жүйенің төменгі қабаты жылжымалы фаза ретінде пайдаланылды.

Anabasis salsa өсімдігінің жер үсті бөліктерінің этанолды экстрактынан алкалоидтарды ОТҮХ әдісімен фракциялау


Фракциялау 250 мл тот баспайтын болаттан жасалған бағанмен, ультракүлгін детектормен және фракция жинағышпен жабдықталған гидростатикалық ОТҮХ жүйесі арқылы жүргізілді (Spot CPC, Armen Glider CPC VS.Da.05, Saint-Ave, Франция).

Таңдалған еріткіш жүйесі, MtBE-ACN-BuOH-H₂O (2:2:1:5), бөлгіш воронкада дайындалды. Сұйықтықтарды араластырғаннан кейін екі фазалы еріткіш жүйесі тұндырылып, екі бөтелкеге бөлінді.

Бірінші қадам стационарлық фазаны бағанға 20 мл/мин жылдамдықпен 500 айн/мин енгізуді қамтыды. Бөлу: еріткіш жүйесі метилтрет-бутил эфирі-ацетонитрил-бутанол-су (2:2:1:5), 0,6 г экстракт, 50 мл жоғарғы (стационарлық) фаза және 50 мл жылжымалы фаза, 100 мл үлгі хроматографқа енгізілді, УК детекторы 254, 320, 365, 280 нм, ротор жылдамдығы 1200 айн/мин (26-сурет), қос бөлу әдісі - элюирлеу және экструзия:

- элюирлеу - жоғарыдан төмен қарай әдіс (элюенттің жоғарыдан төмен қарай берілуі), жылжымалы фаза - төменгі қабат (полярлы), элюент ағынының жылдамдығы 4 мл/мин, фракциялар әр 1 минут сайын жиналды, 35 фракция жиналды;

- экструзия - жоғарыдан төмен қарай әдіс (элюенттің жоғарыдан төмен қарай берілуі), жылжымалы фаза - жоғарғы қабат (полярлы емес), элюент ағынының жылдамдығы 20 мл/мин, фракциялар әр 1 минут сайын жиналды, 13 фракция жиналды.



Сурет 25 - *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens жер үсті бөліктерінің этанолды экстрактын ОТҮХ

- X осі уақыты (минутпен) ~150-ге дейін;
- Y осі сигналды mAU (миллиабсорбция бірліктерімен) көрсетеді және шығыстағы заттың концентрациясын көрсетеді.
- Қызыл қисық еріткіш градиенті (% BuOH / ACN).
- Қара және қызғылт сары сызықтар сіңіру деректері (әртүрлі толқын ұзындықтары, 254 және 280 нм).
- 001, 002...025 түрлі-түсті сандары фракциялар болып табылады.
- Фондағы түрлі-түсті жолақтар фракция жинау аймақтары (сынақ түтіктерінде), әрқайсысы белгілі бір шығыс уақытына сәйкес келеді (26-сурет).

Интерпретациясы:

Алғашқы шыңдар (30 минутқа дейін) полярлық фазамен элюирленге жоғары полярлы қосылыстар (қанттар, қышқылдар және т.б.) болуы мүмкін.

Ортаңғы бөлікте (30-90 мин) гидрофобты заттардың көбірек бөлінетін жері, мүмкін флавоноидтар мен орташа полярлылықтағы алкалоидтар.

100 минуттан кейінгі үлкен шың органикалық концентрацияның жоғарылауымен (мысалы, BuOH) элюцияланған негізгі компоненттердің бірі болуы мүмкін.

Лупинин - орташа полярлы алкалоид, 30-90 мин аймағында бөлінуі мүмкін; 006-009 фракциялары ең қарқынды сіңуді көрсетеді. Фракциялар қанық түске ие (қою сары - 006, ашық сары - 007-009 фракциялары), бұл заттардың жоғары концентрациясын көрсетеді. Хроматограмма 022, 024 және 025 фракцияларының шыңының айқын сигналға ие екенін көрсетеді, бұл фракциялардың жеке қосылыстар болуы мүмкін екенін көрсетеді (27-сурет). Алынған фракциялар алдын ала Драгендорф ерітіндісін әзірлеуші ретінде пайдаланып, ЖҚХ көмегімен алкалоидтарға тексерілді (ол алкалоидтар үшін қызғылт сары-қоңыр дақтар байқалды).



Сурет 26 - ОТҮХ әдісін қолдана отырып, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens экстрактын бөлу арқылы алынған фракциялар (солдан оңға қарай: 001, 002... және 016 фракциялары)


Анализдеу аяқтағаннан кейін, хроматограмманы бақылап, оны пробиркалардағы фракциялармен салыстырғаннан кейін (25 және 26-суреттер), біз ең айқын шындалы бар фракцияларды таңдадық, атап айтқанда 006, 007, 008, 009, 010, 012, 017, 018, 019, 020, 021, 022, 023, 024, 025 фракциялары. Фракциялар жоғарғы және төменгі фазаларға бөлініп, содан кейін 0,1 мкм тесік өлшемі бар нейлон шприц сүзгісі арқылы автоүлгілеуші құтыларға сүзілді. Фракциялар Eppendorf Concentrator Plus буландырғышын (Гамбург, Германия) пайдаланып кепкенше буландырылды және фракциялардың массасы анықталды (19-кесте).


Кесте 19 - ОТҮХ әдісімен алынған фракциялардың сандық шығымы

ОТҮХ фракциялары	Құрғақ қалдық массасы, г
006-007	0,0004
008-011	0,0573
012-016	0,1617
017-018	0,0034
019-020	0,0023
021	0,0007
022	0,0001
023	0,0083
024	0,0026
025	0,0046

Фракциялар айналмалы буландырғышта буландырылып, ЖТСХ-MS арқылы анализденді. Бөлу нәтижесінде 67-ден 87%-ға дейін лупинин бар 023, 024 және 025 фракциялары алынды (27, 28-сурет), фракциялар біріктірілді.

Буландыру және қайта кристалданудан кейін тазалығы 98,06% болатын лупинин бөлініп алынды. Лупининнің шығымы 0,0142 г немесе экстракт массасына негізделген 2,37% (ауада кептірілген шикізатқа негізделген 0,03%) болды. ОТУХ қолдана отырып, *Anabasis salsa* (С.А. Mey.) Benth. ex Volkens (AS-70P) этанолды экстрактынан лупинин алкалоидын бөліп алуға арналған аппараттық схема 29-суретте көрсетілген.





1. Armen Glider CPC VS.Da.05 Saint Ave құрылғысы
2. ПК basic 05 бұландырғыш құрылғысы
3. ЖЭСХ-МС
4. Кептіргіш шкаф

Сурет 29 - ОТУХ әдісімен *Anabasis salsa* (AS-70P) этанолды экстрактынан лупининді бөліп алу және тазартудың аппаратуралық сызбанұсқасы

Осылайша, ОТҮХ әдісімен бөлу технология екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең: Armen Glider CPC VS.Da.05 Saint Ave блогын пайдаланып, *Anabasis salsa* (С.А. Мей.) Benth. ex Volkens (AS-70P) этанолды экстрактын бөлу.

